- «адам–қоғам–табиғат» арасындағы үйлесімділікті жаңаша қалыптастыратын дүниетаным үдерістеріне деген көзқарасты өзгерту, субъектінің ойлау жүйесін мәдениетті тұрғыдан жетілдіру;

- білім берудің әдісі мен мазмұнын оқытушының іскерлік, танымдық қабілетін және инновациялық қасиеттерін қалыптастыратын әдіснамалық әдістерге бағыттау;

- пәндерді оқыту барысында тұлғаның рухани байлығына, өнегелілігіне, істеген ісіне әлеуметтік жауапкершілікпен қарауына көңіл бөлу;

- субъектінің алған ғылыми білімін, оның әлеуметтік тұрмысын және іскерлік қабілетін ұштастыра қарастыру т.б.

Әдетте, педагогикалық жаңалықтардың мүмкін болатын 3 түрі қарастырылады:

- жаңалық ретінде бұрын еш жерде, еш уақытта қолданылмаған білімдік идеялар мен әрекеттер алынады, мүлдем жаңа нәрсе (педагогика ғылымы практикасында ондай жаңалық өте сирек кездеседі);

- белгілі бір кезде, белгілі бір ортада көкейтестілігімен ерекшеленген, қайта орын алып отырған, жаңа жағдайға бейімделген идеялар (бұл қазіргі педагогикалық жаңалықтардың көп бөлігін құрайды);

- практикада бұрын болған, тек мақсатын өзгертіп пайдалану арқылы жаңа нәтижелер беретін жаңалықтар.

Білім беру саласындағы түрлі жаңалықтарды үш топқа бөліп қарастыруға болады: *ұйымдастырудағы жаңалықтар; технологиялардағы жаңалықтар; оқулықтар мен бағдарламалардың өзгерістеріндегі жаңалықтар*. Аталған жаңалықтардың аясында болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың да инновациялық бағыттары анықталады.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі негізгі қайшылық – жаңа білімдердің тез өсіп бара жатқан қарқыны мен жеке тұлғаның оларды игерудегі шектеулі мүмкіндіктері арасында. Сондықтан да білім беру жүйесін өзгертуде адамның өзін-өзі реттеуі мен өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамыту жағдайына көшуге тура келіп отыр. Оның тағы бір себебі, ақпараттық қоғамда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне аса мән берілмейінше, білім берудің заманауи технологияларын, соның ішінде электрондық оқулық пен бейнефильмдерді, басқа да электрондық

басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірейінше әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы қиын.

Жалпы ғылыми-техникалық прогрес жетістіктерінің нәтижесінде табиғаттың ғылыми көрінісі айтарлықтай өзгерді. Мәселен, ақпараттық технологиялардың қазіргі ғылыми дүниетанымда алатын орны ерекше. Ақпараттық технологияларды оқыту арқылы дүниенің тұтастығын түсінуге, жалпы интеллектің артуына ықпал етіледі. Ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдануда жаңа оқу пәндерінің пайда болуы, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерінің қарастырылуы қажеттіліктен туындап отырған инновациялық мәселе. Олай болса, өздігінен білім алу қабілеттерін барынша дамытуға ықпал ететін қашықтықтан оқыту технологиясы мен кредиттік оқыту жүйесін инновациялық бағыттар ретінде атауға болады.

Студенттің үйінде отырып, өз бетінше оқуына мүмкіндік беретін, ХХІ ғасырдың білім технологиясы – қашықтықтан оқыту технологиясы. *Қашықтықтан оқыту* адамның тікелей білім алуына және өзіне қажетті ақпараттарды әр түрлі білім көздерінен іздестіруге, алуға деген құмарлықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі. Ол өндірістен қол үзбей білім алуға, Қазақстан азаматтарының шет елдерде, ал шет ел азаматтарының біздің елде білім алуына, сондай ақ Халықаралық білім беру кеңістігінде мойындалған ғылыми дәрежелерді алуға жол ашады. Яғни, қашықтықтан оқыту адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, *қашықтықтан оқытуды* – бұл оқытушы мен оқушы бірге бола алмаған жағдайда белгілі бір ара қашықтықта оқыту тәсілдері деп анықтауға болады. Бүгінде қашықтықтан оқытудың артықшылығы да, кемшілігі де ғылыми негізделген. Алайда, қашықтықтан оқыту әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде кеңінен таралған [3].

Әлемдік инновациялық мәселелердің бірі – Еуропадан бастау алған жоғары білім берудің бірнеше жүйесін реформалау бағыты. Оны көптеген елдер қолдай отырып, 1988 жылы Болонда (Италия) қабылданған «*Magna Charta Universitatum*» атты университеттік Ұлы хартияда тұжырымдалған фундаментальды принциптерге сүйеніп, өздеріне тиісті бөліктерге өзгерістер енгізу мүмкіндігін қалдыра отырып, Еуропалық жоғары білім беру аймағын құрды. Бұл өте жоғары маңызды мәселе болды. Өйткені, университеттердің тәуелсіздігі мен автономдылығы жоғары оқу жүйесі мен ғылыми зерттеулердің қоғамның өзгермелі сұраныстары мен қажеттіліктеріне үздіксіз бейімделуіне сенім білдіреді.

Біздің еліміз – Қазақстан Республикасы 2010 жылдың 11 наурызынан бастап Болондық министрлік форум мәжілісі кезінде декларацияға қол

қойып, Болон үдерісіне қосылған 47-ел болатын. Болон декларациясына қосылу Елбасы Н.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс. Елдегі жоғарғы оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек», – деп қойған нақты мақсаттары тұрғысынан алғанда ерекше мәнге ие болды. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы екі тұрғыдан негізделеді: *біріншіден*, Қазақстанның білім беру жүйесі Совет үкіметі тұсында қаланған, яғни оның еуропалық түбірі бар екендігімен; *екіншіден*, Президенттің Қазақстан халқына жолдауында 2008 жылы ҚР Үкіметіне «Еуропаға жол» арнайы бағдарламасын әзірлеуге тапсырма берілгендігімен [4].

Болон үдерісіне қосылудың нәтижесінде енгізілген кредиттік жүйе – студенттің білім деңгейін кредиттер санымен есепке алатын, оқу регламентін қатаң сақтап, өз бетінше білім алуы талап ететін білім берудің жаңа жүйесі. Студенттің өзіндік жұмыс істеуіне бөлінген сағат саны барлық оқу жүктемесінің үлкен үлесін құрайды. Бұл студенттің шығармашылықпен жұмыс істеуіне, ізденуіне және тапсырмаларды өз бетінше орындауда өзінің мүмкіндіктерін, қабілеттерін толығымен пайдалануына жағдай жасайды.

Білім беру үдерісіне кредиттік жүйені енгізу келесі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- оқытудың тиімді жолын таңдау;
- бүкіләлемдік білім беру кеңістігіндегі, еңбек биржасындағы ҚР дипломдарының маңыздылығын арттыру;
- жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісін дербестендіру және ерекшелендіру ұстанымдарын таратуға жағдай жасай отырып, кәсіби кеңістікте жеке тұлға сұраныстарын қанағаттандыру;
- білім алушылардың өз бетінше білім алуына, өзіндік потенциалының дамуына жол ашу: білімді игеру жолында түрлі кәсіби дағдыны, біліктілікті және іс-әрекеттерді орындаудағы іскерлікті қалыптастыру;
- білім беру стандартын және бағдарламасын әлемдік тенденцияға сай әмбебаптандыру, студенттің білім алу үдерісін жүйелендіру, реттеу.

Кредиттік жүйе оқу үдерісін жан-жақты және ыңғайлы жоспарлауда, білім мазмұнында пәнаралық байланыс құруда, аудиториялық сабақтар мен өзіндік жұмыстың тиімді қатынасын құруда да маңызды рөл атқарады.

Кредиттік жүйе отандық жоғарғы оқу орындарының халықаралық деңгейде орын алуларында ерекше маңызды және қазақстандық жоғарғы оқу орындары мен студенттер үшін біршама басым артықшылықтар мен мүмкіндіктер беруде:

- отандық білім бағдарламалары мен оқу жоспарларының еуропалық стандарттарға сәйкестендірілуі;
- отандық мамандықтар мен академиялық дәрежелердің мойындалуы;
- студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділігінің қамтамасыз етілуі;
- қазақстандық жоғарғы оқу орнындағы студенттердің білім кредиттерінің шетелдік университеттерде қайта есептелінуі;
- қосдипломдық білім бағдарламасының жүзеге асуы;
- жоғары білім туралы қазақстандық дипломдардың еуроодақта мойындалуы және түлектердің қайсыбір қатысушы-елдерде жұмысқа орналаса алу құқығының болуы.

Болон үдерісінің *негізгі мақсаты* – іс жүзінде білім беру жүйесіндегі ашықтық, сәйкестік, түсініктілік, бір жүйеден екіншісіне оңай көшуге мүмкіндік жасалуы. Бұл ретте академиялық ұтқырлықтың орны ерекше. *Академиялық ұтқырлық* – бұл ең алдымен студенттер, кейіннен ЖОО оқытушылары, әкімшілік-басқару тұлғалары үшін тәжірибе алмасу және «өз» ЖОО-да әлдебір себеппен ала алмаған мүмкіндіктерді алу, ұлттық тұйықтықты игеру және жалпыеуропалық перспективаларды алу мақсатында бір ЖОО-нан екіншісіне «ауысу» мүмкіндігі. Болон декларациясының ұсыныстары бойынша әр студент бір семестрді басқа ЖОО-да, мүмкіндігінше шет елде өткізгені жөн.

Бүгінгі таңда ЖОО-да академиялық ұтқырлықтың пайдасы байқалуда. Ол болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда халықаралық қатынас құрудың, тәжірибе алмасудың бірден-бір жолы. Мәселен, үстіміздегі оқу жылында Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика кафедрасына академиялық ұтқырлық бойынша келген визитинг-профессорлармен бірлесе отырып олардың оқу орындарымен, білім беру жүйелерімен және атқарып жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысу мақсатында ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастырылды. Семинарда визитинг-профессор Польша, Радом Экономика Академиясының профессоры п.ғ.д., Антони Пардала және Португалия, Лиссабон Нуэва университетінің PhD Андрий Любчик баяндама жасады. Семинарда көтерілген мәселелер бойынша үш елдің өкілдері ойларын ортаға салу арқылы тәжірибе алмасу орын алды. Оның дәлелі ретінде төмендегі сілтеме арқылы семинардың бейнебаянын көріп танысу мүмкіндігі бар.

Академиялық ұтқырлықтың арқасында біздің студенттеріміз өз елінде отырып шетелдік профессорлардан дәріс алуда. Бұл, әрине, Болон үдерісі арқылы қол жеткізіп отырған үлкен жетістік, яғни академиялық ұтқырлық болашақ мұғалімдерді даярлаудағы инновациялық бағыттардың бірі ретінде өз нәтижесін көрсетуде.

Болон үдерісінің маңызды құрамының бірі – *өмір бойы оқу* идеясын жүзеге асыру. 2003 жылы Берлинде Болон үдерісіне қатысушы-елдердің Білім Министрлері әрбір азаматтың өз қалауына, қабілеттері мен талаптарына сәйкес жоғары білімге қол жеткізгенге дейін оқудың жеке траекториясын таңдау мүмкіндігі бар болуының маңыздылығы мен қажеттілігін басып айтқан. Өмір бойы оқу түсінігі тап сол жоғары білімді алуға қатысты. Әрбір Болон үдерісіне қатысушы ел білім беру саясатының ұлттық ерекшелігіне байланысты, ECTS – аударылатын сынақ бірліктерінің Еуропа жүйесіне негізделген, жоғары білімнің Еуропа кеңістігіндегі біліктілік жүйесін жасайды. Мұндай жүйе алдыңғы деңгейдегі дайындық пен жоғары білім арасындағы қажетті байланыстарды қамтамасыз ететін сайман бола білмек, яғни өмір бойы оқудың үздіксіз үдерісін жүзеге асыру құралы болады.

Әрбір адамның үнемі тұлғалық дамуындағы саналы талабы үздіксіз білім берудің жүйекұраушы факторы болып табылады. Бұл білімнің ескіруіне және оған сәйкес жаңаруына байланысты. Дербес жағдайда, ЖОО-да алған білім әлеуметтік және кәсіби бейімділікті өмір бойы тиімді қамтамасыз ететін өзгермейтін қазына бола алмайды. Сондықтан да адам өзінің барлық өмірінде үнемі оқуын жетілдіріп, және мүмкіндігінше қайта оқып отыруы қажет.

Бұл ретте үздіксіз білім беру жүйесінің қызмет етуі жағдайында қоғамның тікелей әлеуметтік сұранысынан шығатын арнайы кәсіби пәндерді және ғылыми-техникалық үдерістің талабынан туындайтын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру болып табылатынын атап көрсеткен жөн. Бұл екеуі де ЖОО түлектерінің коммуникативтік мәдениетін арттырудың аса маңызды құралы болып табылады. Бұларды білмесе, олар қазақстандық қоғам жағдайында функционалдық сауатсыз маман болып қала береді.

Сондықтан, жоғары білімді мамандарды дайындау бағдарламасын табысты жүзеге асыру үшін қоғам сұранысына дер кезінде жауап бере алатын мейлінше икемді жүйені орынды пайдалану қажет. Бұл тұрғыдан алып қарағанда бірнеше сараланған деңгейлерді қамтитын жүйенің келешегі зор. Осыған сәйкес қазіргі жоғары білім беру мамандарды дайындаудың көпдеңгейлік жүйесін ескере отырып құрылады.

Қазіргі білім беру жүйесін қоғамның даму мақсатына сай дүниеге этикалық жауапкершілікпен қарайтын, шығармашылық ойлауға дүниетанымдық мәдениеті жетілдірілген, адамгершілігі мол және білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға бағыттау керек. Сонымен қатар өндірістің әр саласында ішкі және сыртқы нарықтық қатынастарды тез игеріп, икемделетін мамандарды әр түрлі сипаттағы кәсіби, қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени қызметкер етіп даярлау – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

Білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар, түрліше кәсіптік бағдарламаларға негізделген жаңа типтегі оқу орындарының пайда болуы болашақ мамандарды жүргізіліп жатқан өзгерістерге тән жоғары оқу орындарына жаңа типтік құрылымдар мен әдістерді енгізу әлемдік стандартқа сай мамандарды дайындау үшін күш жігерлерін ғылыми тұрғыда байланыстыра отырып, қызмет жасайды.

Білім беру тұжырымдамасының тағы бір бағыты – мемлекеттік білім беру жүйесі негізінде *әлемдік білім кеңістігіне ену*. Қазақстан Лиссабон конвенциясына қол қойып оны бекіткеннен кейін Еуропалық білім кеңістігіне ықпалдасудың құқықтық негізін қалады. Бұл жалпы орта білім беру деңгейінде мектептерде 12 жылдық оқытуға көшуді көздейді [5].

12 жылдық білім беруге көшу Қазақстан жағдайында үш сатыдан тұрады деп жоспарланған: *бірінші саты* – жалпы бастауыш білім беру (1-4 сыныптар – бастауыш мектеп); *екінші саты* – негізгі орта білім беру (5-10 сыныптар – негізгі мектеп); *үшінші саты* – жалпы орта білім беру (11-12-сыныптар – жоғарғы мектеп). Бұл баланың жас ерекшелігіне қарай ғылыми негізделген даму кезеңдеріне (балалық кезең – 6-10 жас; жасөспірімдік кезең – 11-16 жас; бозбалалық кезең – 17-18 жас) толығымен сәйкес келеді.

Екінші сатыда таңдау пәндерін және бейіндік оқыту үшін оқу жоспарының жылжымалы бөлігінің ауқымы кеңейеді. Бағдарлы оқытуға дайындық жұмыстары жүргізіледі. Бұл сатыны аяқтағаннан кейін кәсіби оқу үшін оқушылардың дайындық деңгейі мен қабілеттері анықталады. Кәсіби білім алуға даярлық гуманитарлық-әлеуметтік, жаратылыстану-математикалық, технологиялық және де басқа да бағыттар бойынша жүргізіледі. Әрбір бағыт бірнеше бейінге (профильге) бөлінеді. Мысалы: жаратылыстану-математикалық бағыт физика-математикалық, химия-биологиялық, физика-техникалық, жаратылыстану-экологиялық бейіндерге т.б. бөлінуі мүмкін. Оқушыларға өздерінің қабілеттері мен іскерліктерін дамытуға арналған жеке оқу бағдарламаларды таңдау мүмкіндіктері беріледі. Бұл мәселені элективті курстар мен таңдау пәндерін енгізу арқылы жүзеге асыру маңызды.

Орта мектепте информатиканың жеке пән болып оқытылуы, көптеген педагогикалық ізденістер мен ғылыми-әдістемелік еңбектердің туындауына алып келді. Информатиканың қазіргі қоғамдағы алатын орнын, ерекшеліктерін ғылыми-әдістемелік тұрғыда негіздеуге арналған көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде бастауыш мектеп оқушыларына информатиканың алғашқы түсініктері мен ұғымдарын беру, сонымен қатар басқа пәндерді оқып үйренуде пәнаралық байланысты жүзеге асыру арқылы қажет болатын біліммен, іскерлікпен, дағдымен қаруландыру және жастарды ақпараттық

қоғамда қызмет етуге даярлауды осы кезеңнен бастау қажеттілігі басты назарда болып отыр. Демек, заманауи білім беру технологияларының мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оқыту проблемасын талдау жаңа психологиялық проблемаларды туғызып қана қоймайды, оқытудың іргелі қағидаларын қайта қарауды талап етеді. Яғни, қоғамды ақпараттандыру жағдайында мектептегі білім беруді жаңарту үшін дидактикалық талаптарды анықтау мәселесі тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет» – деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Демек, кем дегенде үш тілді меңгеру – бәсекеге қабілетті болудың басты шарты деуге негіз бар. Олай болса қазіргі білім беру жүйесінде болып жатқан ғылыми өзгерістердің заман талабынан пайда болған қажеттіліктер екені сөзсіз. Соның бірі – білім берудің жаңа бағыты ретінде белең алған көптілділік мәселесі бүгінде бүкіл елді толғандырып отырған күрделі мәселе болып отыр.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Жалпы айтқанда, көптілділік – белгілі бір әлеуметтік ортада, мемлекетте бірден үш, одан да көп тілде сөйлей білушілік. Көптілділікті меңгеру дәрежесі сол адамның немесе бүтіндей халықтың өмір сүрген тілдік ортасы, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өмірі, тұрмыс-тіршілігі секілді көптеген факторларға байланысты.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Бүгінгі таңда көп тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Көптілде оқыту – заман талабы десек, оның негізгі мақсаты: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік бағдарға қабілетті, мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Бұл ретте жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытуға біртіндеп көшу мәселесінің қолға алынғаны да болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы инновациялық бағыттың бірін көрсетіп отыр.

Болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудағы маңызды міндеттің бірі – олардың халқымыздың адамгершілік-рухани құндылықтарға негізделген даналық мұралары негізінде жеке тұлға болып қалыптасуына және соның негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосуына бағытталу.

«Қазақ ұлттық мектебі қандай болу керек, онда ұлттық тәрбие қалай жүргізілу керек?» – деген мәселелерге нақты жауапты қазақ халқының ұлы

ағартушы-педагогтері А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов еңбектерінен табуға болады [2].

Адамдық өмірдің негізгі мақсаты шындық іздеу, шындық табу. Осы жолға өз өмірлерін арнаған халқымыздың мың жылда бір туар даналары әл-Фараби мен Абайды айтуға болады. Әл-Фарабидің шындық іздеу жолы ғалами табиғат пен адамдық табиғатты тең ұстаған жол. Дана Абай: – «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас!» – деп Алланы тануға үндейді. Адам өмірі жан мен тәннің бас қосқан «майданы» деп түсіндіреді Абай. Ол өзінің 17-қара сөзінде Ғылым деп қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтады.

Шәкәрімнің «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді... Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан – дегеніміз ынсап, әділет, мейірім...» деген «Үш анықтағы» мақсаты ар түзейтін бір ғылым табу болып, өмір бойы осы жолда ізденген. Бұл туралы М.Жұмабаев өзінің «Педагогикасында» былай дейді: «... дін сезімдері күшті адам тәңірінің барлығына, күдіретіне сеніп, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға ұмтылатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безбек».

Бұл мәселені осыдан 87 жыл бұрын М.Дулатов та көтерген екен. Оның тәлім-тәрбиелік ойларында жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу жайлы айтылған. Ол жұртты оқуға, білім алуға тартқан кезде бір жағынан діни оқуды да жатсынбау қажет дейді. Орысша оқып, орыс тілін үйренген қандай пайдалы болса, мұсылманша оқып, дінді танып, оны өмірлік қажеттілікке пайдаланса, кісі жан-жақты, білімді азамат болып шығатыны айтылған.

Қорыта келе болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда есепке алынатын төмендегідей инновациялық бағыттарды атауға болады.

1. Ұйымдастыру мәселелері бойынша:

- Болон Декларациясының міндеттерін орындау бағыты: студенттер мен оқытушылардың халықаралық дәрежедегі сапалылығы, жоғары білім туралы құжаттардың эквиваленттігі мен мойындалуы проблемаларын шешу үшін барлық елдерде жоғары оқу орындарын аккредитациялау мен педагогикалық тестілеу қызметі мен сынақтық өлшемдер жүйесін және кредиттік оқыту жүйесін енгізу;

- жоғары білім беру саласында жалпыға түсінікті, салыстырмалы біліктілікті ендіру, үш сатылы жоғары білім жүйесіне көшу (бакалавриат – магистратура -доктарантура);

- қосымша білім беру – «бүкіл өмір бойы білім беру» – жүйесін дамыту.

- мектепте 12 жылдық (4+5+3) оқыту жүйесін енгізу.

2. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу мәселелері бойынша:

- іргелі пәндерді оқыту мен мамандандыру арасындағы дұрыс арақатынасты анықтау бойынша ізденіс жасау;
 - оқытудың мазмұнын, түрі мен әдістерін жаңартуға байланысты оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану;
 - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде қашықтықтан оқытатын жоғары оқу орындарының жаңа типтерін жасау.
3. *Оқулықтар мен бағдарламалардағы өзгерістер бойынша:*
- оқу бағдарламаларының қорын жұртшылықтың білім алуға деген алуан түрлі сұраныстарын қанағаттандыру бағытында кеңейту;
 - 12 жылдық оқытудың оқулықтарын қайта жасау;
 - оқулықтарда пән аралық байланыстар мен рухани құндылықтарды кеңінен пайдалану.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Таубаева Ш. Научные основы формирования исследовательской культуры учителя общеобразовательной школы. – Алматы, 2004. –107 с.
2. Қадірбаева Р.І. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлау: теориясы және практикасы. –Түркістан, 2013. – 319б.
3. Халикова К.З., Абдулкаримова Г.А. Педагогическая информатика. Информатизация образования. – Алматы: Нұр-Принт 75, 2007. – 272 с
4. Түймебаев Ж.К. Цели высшего образования Республики Казахстана на пути к Болонскому процессу. ҚР Білім және ғылым министрлігінің ресми сайты, www.edu.gov.kz/ru
5. Омарова Р.С. 12 жылдық мектепте оқушылардың оқу танымдық іс-әрекетін қалыптастыру. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2007. – 240 б.

КАДИРБАЕВА Р.И. ИННОВАЦИОННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

В статье рассматриваются основополагающие инновационные направления в профессиональной подготовке будущих учителей: кредитная технология, дистанционное обучение, полиязычие, 12-летнее образование, формирование личности на основе общечеловеческих и национальных ценностей.

Ключевые слова: *будущий учитель, профессиональная подготовка, инновация, кредитная технология, дистанционное обучение, полиязычие, 12-летнее образование, Болонский процесс.*

KADIRBAYEVA R.I. INNOVATIVE DIRECTIONS OF PROFESSIONAL TRAINING OF FUTURE TEACHERS

The article discusses the basic innovative directions in the training of future teachers such as: credit technology, distance learning, multilinguism, a 12-year education, the formation of personality on the basis of universal and national values.

Keywords: *future teacher, professional training, innovation, credit technology, distance learning, multilinguism, a 12-year education, the Bologna process.*

УДК 37.013

КОММУНИКАТИВНЫЙ ПОДХОД В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫМ ЯЗЫКАМ

ПОЛАТОВА С.Д.

В статье рассматриваются особенности коммуникативного подхода в обучении иностранным языкам. Практика свидетельствует, что коммуникативный метод является наиболее адекватным средством обучения иноязычной культуре, поскольку он развивает «чувство языка» и соответствует задачам обучения иностранным языкам в современном обществе – учить языку в целях общения.

Ключевые слова: иностранный язык, коммуникативная методика, ВУЗ, коммуникативный подход.

В современном мире владение иностранным языком просто необходимо. При этом знания грамматики и лексики чаще всего бывает недостаточно: на языке надо уметь свободно, непринужденно и, главное, смело общаться, с легкостью выходить из сложных ситуаций. И коммуникативная методика изучения иностранного языка направлена на оттачивание именно этих навыков.

Коммуникативная методика изучения языка появилась в 60-е годы XX столетия и на сегодняшний день распространилась повсеместно: по этой системе проходят занятия во всех школах за рубежом и во многих учебных заведениях Казахстана, в особенности на специализированных курсах. Ее главное отличие от лексико-переводной методики, хорошо известной в Казахстане по классическим учебникам английского (Н.А. Бонк, Г.А. Котий, Н.А. Лукьянова) или французского (И.Н. Попова, Ж.А. Казакова) языка, в том, что она предполагает прежде всего развитие устной речи. По этой методике изучение языка начинают с запоминания слов и выражений, и только потом под полученные знания подводят грамматическую базу. В процессе обучения студенты осваивают устную и письменную речь, перевод иностранных текстов на слух и беглое чтение. Главная цель – научить человека разговаривать на иностранном языке легко и относительно грамотно.

Применение подобной системы требует от педагога высокой квалификации в преподавании данного языка как иностранного. Роль учителя в процессе обучения очень велика: он должен обладать навыками живого, не книжного языка, быть открытым для общения, располагать к беседе. Он обязан знать все оттенки значений слов и выражений изучаемого языка и уметь донести их до студентов. Чтобы сделать занятия действительно

увлекательными, ему приходится постоянно применять максимально разнообразные виды учебной деятельности, брать на себя различные роли: учителя, организатора общения (аниматора), оратора, оппонента в дискуссиях и т.д.

Использование языка-посредника (родного языка) на таких занятиях как между учащимися, так в их общении с преподавателем нежелательно, а иногда даже запрещено. Для объяснения значения новых лексических конструкций обращаются к уже известным словам и выражениям, к фотографиям и рисункам, слайдам и видеофрагментам, жестам и мимике. Очень помогают песни, кинофильмы, телепередачи, газеты, журналы и даже комиксы, так что студенты постепенно погружаются в культуру той страны, язык которой они изучают, узнают интересные или просто важные факты из ее истории, знакомятся с ее географией. Эффективны обучающие игры, в том числе настольные (например, Scrabble, известная у нас как «Эрудит»). Благодаря такому обилию наглядного и занимательного материала обучение становится интересным.

Иностранный язык за последние годы всё больше завоевывает статус одного из центральных и главных учебных предметов в школе и ВУЗе, что связано с расширением и укреплением отношений Казахстана с другими странами мира, а также с развитием новых технологий, требующих знания хотя бы одного (а лучше нескольких) иностранных языков: с созданием совместных фирм, обменом специалистами, расширением партнёрства. Все эти факторы влияют на содержание обучения иностранным языкам: практической целью обучения является приобретение умения общаться на иностранном языке в устной и письменной формах в различных ситуациях. Поэтому понятным становится всё большая популярность коммуникативного подхода, который обозначает, что обучение должно иметь общую коммуникативную ориентацию, направленность на формирование всесторонне развитой, образованной личности, способной и готовой использовать иностранный язык как средство общения на интуитивном уровне, уровне «чувства языка», сформированного на основе осознанного усвоения языковой теории, переведённой уже в план бессознательного. [1, с. 15]

При коммуникативном подходе особое значение придаётся содержательной стороне речи, её действию на партнёра, реализации всех основных функций общения: познавательной, ценностно-ориентационной, регулятивной и конвенциональной. Соответственно, при коммуникативно-ориентированном обучении иностранным языкам конечной целью выступает формирование у учащихся коммуникативной компетенции, включающей в себя различные компоненты: лингвистическая компетенция («готовность

использовать иностранный язык как орудие речемыслительной деятельности)), прагматическая компетенция («готовность передавать коммуникативное содержание в ситуации общения»), когнитивная компетенция («готовность к коммуникативно-мыслительной деятельности») и информативная компетенция («владение содержательным предметом общения»).

Следует подчеркнуть, что основополагающим компонентом языковой, коммуникативной и др. компетенций является «чувство языка», интуитивное следование языковым нормам. Говоря об изучении английского онлайн, мы имеем в виду уже второй, высший уровень «чувства языка», полученный как результат изучения языковой теории, поскольку отсутствует среда, обеспечивающая развитие его дограмматической, низшей формы. Всё перечисленное выше объясняет возрастающее распространение коммуникативного подхода в обучении иностранным языкам с носителем, разработкой которого занимаются многие научные коллективы и методисты: Институт русского языка им. А.С. Пушкина (А.А. Леонтьев, В.Г. Костомаров, О.Д. Митрофанова и др.), представители метода активизации резервных возможностей личности (Г.А. Китайгородская), методисты и психологи Э.П. Шубина, П.Б. Гурвич, И.Л. Бим, Г.В. Рогова, И.А. Зимняя, Е.А. Пассов и другие. Однако, несмотря на повсеместное признание эффективности коммуникативно-ориентированного обучения иностранным языкам, воплощение этого подхода на практике сталкивается со многими трудностями.

Во-первых, «коммуникативность... предполагает использование изучаемого языка с самых начальных стадий обучения в естественных для общения целях и функциях или максимально приближенных к ним, имитирующих их». [2, с.15]

Это не всегда представляется возможным, особенно на уроках английского для начинающих, поскольку у детей ещё нет достаточного уровня владения грамматикой и лексикой изучаемого языка и у них ещё не развито «чувство языка». Конечно, можно построить обучение на данном этапе на механическом повторении за учителем типичных для данной ситуации общения клише и выражений, но это уже будет носить искусственный, «псевдокоммуникативный» характер, т.к. при выполнении этих действий отсутствует функция мышления учащихся. В реальной коммуникации мы применяем речевые средства, чтобы передать присущий каждому «личностный» смысл. Поэтому при применении коммуникативного подхода в обучении иностранным языкам рекомендуется исключить высказывания типа: «Это стол», «Стол чёрный» и т.п., поскольку они не являются естественными для общения и поэтому не имеют коммуникативной

ценности. Таким образом, уже с первоначальной ступени обучения учителя сталкиваются с проблемой отбора речевого материала, имеющего «коммуникативно-ценное содержание», и методов представления этого материала, соответствующих реальной ситуации общения [3, с. 15].

Причём отбор речевого материала, проблемных ситуаций следует осуществлять, принимая во внимание принцип индивидуального курса английского языка, т.е. с учётом возрастных особенностей учащихся, специфики их увлечений, познавательных интересов. В связи с этим следует упомянуть о необходимости создания мотивации при обучении иностранному языку, которая играет огромную роль при коммуникативно-ориентированном обучении английскому индивидуально (как, впрочем, и при других подходах). Дело в том, что при овладении языком в соответствующей языковой среде (т.е. при обучении родному языку), когда учащиеся владеют, по крайней мере, первоначальным, дограмматическим уровнем развития «чувства языка», коммуникативная направленность реализуется сама собой, т.к. в практическом использовании изучаемого языка существует реальная, жизненно важная потребность. При обучении иностранному языку вне языковой среды коммуникативная направленность должна создаваться искусственно – это и является одной из проблем в ВУЗе иностранных языков. Вызвать у учащихся на уроке потребность к осуществлению речевой деятельности на иностранном языке – необходимое условие обучения иноязычной культуре. Препятствием для реализации этого условия, как справедливо пишет В.С. Коростелёв, является «тематическая организация обучения иностранным языкам и связанная с ней трактовка ситуации как совокупности обстоятельств» [2, б. 15].

Хотя учитель и пытается воссоздать на уроке «естественную» ситуацию, например, покупки билета на поезд, всем понятна искусственность такого рода ситуаций, ибо истинная ценность, лежащая в основе естественной ситуации (в данном примере это билет), будучи перенесённой в рамки урока, превращается в псевдоценность. На основе псевдоценности может возникнуть псевдокоммуникация.

Для решения этой проблемы методисты предлагают использование на уроках только таких ситуаций, в основу которых положены общественно значимые ценности (социальные, нравственные, этические). Такие темы, как роль дружбы, отношение к театру, музыке и т.п. могут обсуждаться и сохранять при этом естественность ситуации где угодно: и в кругу друзей, и на улице, и на уроке. Кроме того, обсуждение таких тем вызывает у студентов потребность высказать своё мнение, доказать и отстоять свою точку зрения, т.е. естественную потребность в общении на иностранном языке.

Но возникает следующий вопрос. Для полноценной коммуникации на иностранном языке необходимо правильное оформление речи: с фонетической, грамматической и лексической точек зрения. Как происходит обучение этим навыкам при коммуникативном подходе? Согласно мнению методистов, лексические единицы и грамматические структуры могут и должны усваиваться учащимися непроизвольно в процессе общения с учителем и другими учащимися, в ходе извлечения новых знаний из текстов и т.д. Это предполагает разработку средств обучения, которые позволяли бы учащимся без предварительного заучивания употребление грамматического и лексического материала для выражения своих мыслей. Попыткой создания таких средств являются функционально-смысловые таблицы (В.С.Коростелёв), грамматические функциональные схемы (Л.П.Малишевская), функциональные опоры для диалогического общения (Т.У. Тучкова), широко применяемые в настоящее время комплексы условно-речевых упражнений для обучения грамматики (Е.И. Пассов). Здесь также важно развитие у учащихся «чувства языка», позволяющее им на интуитивном уровне правильно использовать в речевой деятельности новые слова и грамматические конструкции [4, с. 15].

Однако всё сказанное выше отнюдь не означает, что при коммуникативно-ориентированном обучении иностранным языкам не используется принцип сознательности, сознательного усвоения знаний. С целью исключения и предупреждения ошибок учащихся в процессе общения, им следует предъявлять определёнными дозами, при переходе от простого к сложному, правила-инструкции, которые помогают им вести общение на иностранном языке, не испытывая недостатка в знании лексических единиц и грамматических структур.

Проводя интенсивные курсы английского, учитель опять сталкивается с проблемой отбора, только теперь того лексического и грамматического минимума, которые представляли бы собой систему речевых средств, действующих в общении и достаточных для данного этапа обучения. Это также представляет собой некоторые трудности.

В заключение хотелось бы отметить, что проблемы и вопросы, возникающие при внедрении коммуникативного подхода в практику, ни в коей мере не принижает его достоинств при обучении иностранным языкам. Как доказывают многочисленные исследования по данной проблеме, коммуникативный метод является наиболее адекватным средством обучения иноязычной культуре, поскольку он развивает «чувство языка» и соответствует задачам обучения иностранным языкам в современном обществе – учить языку в целях общения.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бим И.А. Теория и практика обучения немецкому языку в средней школе – М.: Просвещение, 1988. – 210 с.
2. Коростелёв В.С. Коммуникативность и псевдокоммуникативность // Иностранные языки в школе. – 1991, №5. – С.17-22.
3. Коростелёв В.С., Пассов Е.И., Кузовлев В.П. Принципы создания системы коммуникативного обучения иноязычной культуре. // Иностранные языки в школе. – 1988, №2, С.40-46.
4. Костомаров В.Г., Митрофанова О.Д. Методическое руководство для преподавания русского языка иностранцам. 3-е издание. – М., 1984. –165 с.

ПОЛАТОВА С.Д. ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛ

Мақалада шетел тілдерін оқытуда коммуникативті тәсіл ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі қоғамдағы оқыту міндеттеріне сәйкес коммуникативті тәсіл шетел тілдерін оқытудың ең қолайлы құралы болып табылатыны мәлім, басқа тілді қазіргі қоғамда қарым-қатынас тіліне үйрету мақсатындағы мәдениетін дамытуда «тілді сезу» мен шетел тілін заманауи ортада оқыту қарым-қатынас мақсатында тілді оқыту міндеттеріне сәйкес келеді.

Кілт сөздер: *шетел тілі, коммуникативтік әдістеме, жоғары оқу орны, коммуникативті тәсіл.*

POLATOVA S.D. THE COMMUNICATIVE APPROACH IN TEACHING FOREIGN LANGUAGES

The article discusses the features of the communicative approach in teaching foreign languages. In fact the communicative method is the most appropriate means of teaching foreign culture as it develops a «sense of language» and correspond to the tasks of teaching foreign languages in a modern society - to learn the language in order to communicate.

Keywords: *foreign language, communicative methodology, university, communicative approach.*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

ӘОЖ 159.925.12

САБЫН ЖӘНЕ СИНТЕТИКАЛЫҚ ЖУҒЫШ ЗАТТАР ТАҚЫРЫБЫНДА ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

БАЙМАХАНОВА Г.М., ҚОЗЫКЕЕВА Р.А., САУРЫҚБАЙ Г.М.

Қазіргі таңда халық педагогикасы, оның бай дәстүрлері мен тәжірибесімен өскелең ұрпақты тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті проблемасы болып табылады. Бұл мақалада кейбір мәселелерге қатысты химия сабағында халық педагогикасының элементтері, танымдық белсенділігін арттыру және пәнге деген қызығушылығын дамыту үшін халық шығармашылығының тиімді әдістері мен жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: *халықтық педагогика, халықтық психология, тәрбие, білім, сабын, эксперимент, зертхана, синтетикалық жуғыш заттар.*

«Адам баласы ақыл, ар мінез деген қасиеттермен ерекшеленеді» деген қазақ елінің ұлы ақыны Абай Құнанбаев. Біз қадам басқан ХХІ ғасырдың азаматы қандай болу керек? Біз бұл сұраққа ақылды, білімді, мәдениетті, Отан сүйгіштік қасиетті жоғары, жаңаны тануға деген ұмтылысы жоғары болу керек деген жауап алған болар едік.

Қай халықтың болсын ешкімге ұқсамайтын, өзіндік тағдырын, болмыс білімін айқындайтын негізгі басты белгісі мәдениет болып табылады. Ал, мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани жан дүниесі, парасаты. Қазақ мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан-ұлттық мәдениет. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Қазіргі оқу тәрбие процесінде халықтық педагогиканың тәлім-тәрбиесін қолданып, оларды халқымыздың ежелгі тарихы мен салт-дәстүрлеріне, халықтық психологиясын негіздей отырып жүргізу қажет. Әр пәнді оқыту кезінде халықтық педагогикасының үлгілі дәстүрімен шебер ұштастырып, салт-дәстүріміздің тағылымы мол, тәрбиелік мәні бар ұшан-теңіз пайдасын жүзеге асыру тікелей оқу процесінің бағыты. Халықтық педагогика мен халықтық психология тағылымдарын пайдалану, химия пәнінің әр тарауларынан өткізген сабақ түрлері оқушылардың пәнге қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тарауды пысықтау кезеңін сапалы өткізуге, материалды толық меңгеруге көмектеседі. Сонымен бірге оқушы ойын дамытып, өзіндік пікір айтуға үйренеді. Оқушыны құрғақ жаттандылықтан аулақтап, дербес ойлап, әрекет етуге

жетелейді. Халықтық педагогикасының тағылымдарын химия сабағында қолдану – оның білімділік және тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырумен қатар халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеп оқушыларды ұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеуде зор мәні бар.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы зор [1].

Химия сабағында оқушылардың пәнге деген ынтасын, қызығуын арттыруда халықтық педагогиканың тәрбиелік, білімдік маңызы жоғары. Осы асыл мұрамызды жас ұрпаққа химия пәні сабақтарында тақырыпқа байланыстыра қолдану арқылы жеткізген жөн.

Мысалы, Қазығұр ауданы Атбұлақ ауылындағы «Ж.Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тәжірибиелік эксперименттік жұмыс жүргізілді. Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі әдістемелік тұрғыдан теориялық материалдардың іс жүзінде қолданылуымен, жасалған қортындылардың қазіргі білім беру стандартына сәйкестігімен, олардың психологиялық, философиялық, педагогикалық және методологиялық, тұрғыдан негізделуімен қойылған міндеттерге сай зерттеу әдістерінің тиімді пайдаланылуымен, эксперимент нәтижесінің тұжырымдалуымен дәлелденді. 9-сыныпта «Сабын және синтетикалық жуғыш заттар» тақырыбын өткен кезде балаларды сабын алу тәсілімен таныстырып және сабынның химиялық құрамымен таныстырдық. Сабын адамның өте ертеден пайдаланған заттарының бірі. Сабын құрамында 16-18 көміртегі атомдары бар жоғары карбон қышқылдарының карбоксил тобының сутек атомына, негізінен натрий мен калий алмасқан туындысы. Сабындар қатты және сұйық болады. Қатты сабынның құрамына натрий, сұйық сабынның құрамына калий атомдары кіреді. Жоғары май қышқылдары майлардың (жануар, мал) құрамындағы май қышқылдарының (стеарин, олеин, линол, т.б) үш атомды спирт-глицериннен түзілген эфир болады.

Бұл эфирдің негізгі қасиеті, судың әсерінен гидролизденіп, глицерин және май қышқылдарын түзеді. Егер гидролизді калий немесе натрийдің тұздары қатысуында жүргізсе, май қышқылдарының калий немесе натрий тұздары түзіледі. Сабындық қасиеті болғандықтан бұл реакцияны сабындану реакциясы деп атайды. Ертеде халқымыз алабота өсімдігінен құрамында натрий, калий иондары бар екенін білмесе де, сабын ала білген. Баяғыда бір атамыз «осы шай мен сабынды дүкеннен сатып алғандарға таң қаламын. Өзен бойлап, орман тоғай кезсең, шай да, сабын да аяқ асты емес пе» – дейді екен [2].

1. Ертеде ата-бабаларымыз мынадай әдіспен сабын алу жолын жүзеге асырыған;

- Алаботаның көк гүлі түспей тұрғанда, тамыз айында жинап алып, тақыр жерге мол етіп үйіп өртейді.

- Күлін су сеппей суытса, ол қорып, байланып қалады. Содан соң қазанға су құйып, күл қосып қайнатады.

- Сақарды күні бойы қайнатып, түн асырып тұндырып қояды. Тұнбаны сілті деп атайды.

- Сілтіні ертесіне отты баяу жағып араластырады.

- Әбден қоюланып, құрғап, ұнтаққа айналғанша қайнатады.

- Оған малдың майын қосып тағы да қайнатады.

- Қоюланған кезде шүберекке орап, белгілі бір кейіпке келтірсе, сақар яғни қара сабын дайын болады.

- Дайын болған сабынды қолмен үзіп көршілерге үлестіреді. Оны бұзаушық деп атайды.

2. Сабынды химиялық зертханада алу тәсілі (аз мөлшерде алу).

Май 6г + NaOH 6г + су 8 мл + Na₂CO₃ = сабын.

Қазіргі экстракциялау үрдісі де ерте заманнан-ақ өсімдіктерден бояу алуда қолданылған. Рауғаштың тамырынан, талдың қабығынан бояу жасап, жүн, шүберек, ағаш бояуға қолданған. Ұйыту, іріту үдерістерін де ерте кезден қолданған. Халқымыз мал, аң терілерін әр алуан әдіспен илеп, керегіне жаратқан. Иленген теріден тон, тымақ, ішік, шалбар, ер тұрман әбзелдерін жасаған. Теріні илеу үшін оны иге салады. Илеу ретінде теріге айран жағып, иітеді. Айранның құрамында кальцийдің тұздары, сүт қышқылдары бар. Олар теріні жұмсартып, әр түрлі бактерияларды жояды. Иін қандыру асқан шеберлікті қажет етеді. Иден шыққан соң өсімдіктің, балықтың майын жағып кептіреді. Кепкен теріні уқалайды. Иленген теріден күнделікті өмірге қажетті заттарды жасаған.

Металдар тарауын өткенде шебер ұсталарымыз алтын мен күмістен алқа, жүзік, сырға, мыстың құймасы – жезден леген, құмған, оймақ тәрізді заттар жасағанын оқушыларға айту – халқымыздың шебер де іскер болғанын көрсете отырып, олардың халық өнеріне деген сүйіспеншілігін арттыруға болады.

«Халқы қандай екенін салтынан сынап біл» дегендей қазақтың қандай екенін көрсету үшін оның салт-дәстүрін, бай тәжірибесін әр сабақта тақырыппен байланыстыра ұрпақ бойына сіңіру қажет. Сонымен бірге химияны өркендетіп, мамандықтарды таңдайтын шәкірттерге мектепте оқитын кезден-ақ, барынша ынталанатындай қызықты да қызғылықты білім беру міндеті – ең қасиетті борышымыз деп санап, соған қол жеткізуге барынша атсалысуға тиіспіз [3].

Ұлттық педагогика элементтерін химия сабағында қолданып оқыту оқушылардың пәнді түсіну қабілетін арттырып, түсінуге қиын сабақтарды оңай меңгеруге және есте жақсы сақтауға дағдыландырады, ғылыми ұғымның қалыптасуын ойлау қабілеттерінің, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларын жете қамтамасыз ету мүмкіндіктері туады.

Халық педагогикасын оқу үрдісінде пайдаланудың қазіргі маңызы аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, өлең-жырлар арқылы оқушылардың ой-өрісін дамытуға, өз бетімен ізденуге ой салатын, отанын сүйеу мен еліне деген сүйіспеншілікті оятатын, соған ұмтылдыратын білімділік, тәрбиелік мәні бар халық шығармаларымен сабақ барысын қызықты ету және көркейту. Осы орайда химия пәнінен көркем шығармалар мен поэзияны пайдалану арқылы оқушы шығармашылығын дамытуға болатындығын дәлелдеген.

Бұл жұмыстың мақсаты: халықтық педагогиканы бүгінгі өмір талабымен ұштастыра отырып орта мектептердегі химия пәнін оқытуда қолданудың әдістемесін жасау, оның оқу үрдісінде тиімді қолданудың мүмкіндіктерін анықтау.

Халықтық педагогиканың негізгі мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, өнер білім машықтарын меңгеруде, Отанды сүйуге және т.б ізгі адамгершілік қасиеттерге баулу.

Қоғамымыздың ертеңгі болашағы – мектеп жасындағы жас жеткіншектер. Оларды халықтық салт-дәстүрді, әдет ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге үйреткен абзал. Өз халқының мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің адам болып қалыптасуына берер пайдасы көп.

Оқушыларды ұлтжандылыққа, халқын қастерлеп, оған қалтқысыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесінде халықтық педагогиканың тағылымдарын енгізу кең өріс алып келеді [3].

Оқу мен тәрбие алдында ата-ана да, тәрбиеші мен ұстаз да, қоршаған ұжым да, тіпті көшедегі кездейсоқ халық та жауап береді. Сол себепті химия пәнін оқытуға мысалы алыстан іздемей-ақ халқымыздың пайдаланып келген ұлттық құрал-саймандарын, ұлттық атауларын қолдануға болады. Қазіргі мектептерде қолданылып жүрген оқулықтарымыз орыс оқулықтарының аудармасы. Олардың көбіне ұлттық психологияға сай келе бермейтін мысалдар келтірілген. Ұлттық мектеп пен ұлттық ерекшелікке, ұлттың тарихына, мәдениетіне, өнеріне, салт-дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне, халықтың ұлттық ойындары мен отбасы тәрбиесіне сай құрастырылған оқулық – ұлттық педагогиканың ықпалы мен әсерінен жасалғаны және дамитыны дүниежүзілік тәжірибеден белгілі.

Жоғарыда аталған бағытты басшылыққа ала отырып сабақтың алдына қойылған мақсаты:

Мақсаттарға сай міндеттері қарастырылған.

- дидактикалық тапсырмалар жинақтап, құрастыру (ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, басқа да салт-дәстүрлер элементтері);

- педагогикалық зерттеулерде этнопедагогика элементтерін енгізіп өткізген сабақтардың әдістемесін ұсыну;

- этнопедагогикалық элементтерін химия сабақтарында қолданып педагогикалық зерттеулерді сабақ барысында жүргізіп қорытындылау [4].

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінен басқа ақын-жазушылар шығармаларын оқытуда да халықтық педагогикаға соқпай өтуге болмас. Кез келген оқу пәнін, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда халық шығармашылығының элементтерін пайдалану балалардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлығын қалыптастыру құралы болып табылады. Ендеше осындай ұлылықты, халқымыздың бай саралы да саналы дәстүрлерін еліміздің болашағы – өзіміздің алдымызда отырған ұрпағымызға үйрету – ұстаз қауымының ең негізгі міндеті болып табылады.

Жалпы қорыта айтқанда әрбір ұлттық қасиеттер ұлттық тәрбиеге (халық педагогикасына) байланысты дамып қалыптасады. Химия пәнін оқыту барысында халық педагогикасын пайдаланудың мүмкіндіктері жоғары, өйткені халық педагогикасы материалдары арасынан сұрыпталып алынған үлгілері жаратылыста болып жатқан құбылыстардың шынайы көрінісін сипаттайды және химия пәндерінде теориялық деректердің терең игерілуін жүзеге асырады. Яғни, химия сабақтарында халықтық педагогиканы пайдалану арқылы оқушыларда ғылыми ұғым қалыптасады, сонымен қатар дүниеге біртұтастық, тіл байлығының дамуын, ойлау қабілеттерінің, адамгершілік, ұлтжандылық, ұлттық мәдениетті дәріптеу дағдыларының жетілуін қамтамасыз ету мүмкіндігі туады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балтабай Е. Қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру. // С.Торайғыров атындағы ПМУ Ұлағат, 47-49 б.С., 2002. №6

2. Филимонова Г.Г. Методика формирования познавательной самостоятельности школьников средствами игрового обучения. / Г.Г. Филимонова. – (Автореф. диссерт. на соиск. уч. степени канд. пед. наук). – Алматы, 2002. – 21с.

3. Мушрапилова З.Т. Использование активных методов обучения на уроках химии как средство формирования творческой личности учащихся. / З.Т.Мушрапилова. – (5.Автореф диссерт. на соиск. Уч. степени канд. пед. наук). – Алматы, 2000. – 18 с.

4. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. – Алматы, 2004. – 1 бөлім, 1 тарау 8-9 бет.

БАЙМАХАНОВА Г.М., ҚОЗЫКЕЕВА Р.А., САУРЫҚБАЙ Г.М.
ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ СРЕДСТВ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ В ИЗУЧЕНИИ ТЕМЫ: «МЫЛО И СИНТЕТИЧЕСКИЕ МОЮЩИЕ ВЕЩЕСТВА»

На сегодняшний день актуальной проблемой современности является народная педагогика с ее богатейшими традициями и опытом воспитания подрастающего поколения. В данной статье рассматриваются некоторые вопросы, касающиеся использования элементов народной педагогики на уроках химии, поиска путей и эффективных методов народного творчества для развития познавательной активности обучающихся и повышения их интереса к предмету.

Ключевые слова: народная педагогика, народная психология, воспитание, образование, мыло, эксперимент, лаборатория, синтетические моющие средства.

БАЙМАХАНОВА Г.М., ҚОЗЫКЕЕВА Р.А., САУРЫҚБАЙ Г.М. EFFICIENCY OF APPLICATION OF MEANS OF NATIONAL PEDAGOGICS TOPICS: «SOAP AND THE SYNTHETIC WASHING SUBSTANCES»

Nowadays the actual problem of modern times is popular pedagogy, with its rich traditions and experience in the upbringing of the younger generation.

This article discusses some issues concerning the elements of folk pedagogy in chemistry lessons, ways and effective methods of folk art for the development of cognitive activity and increasing interest in the subject.

Key words: folk pedagogy, folk psychology, upbringing, education, soap, experiment, laboratory, detergents.

ӘОЖ 37.016

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДА КІРІКТІРІЛГЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

БИТЕМИРОВА А.Е., БИТЕМІР Н.М., ИЛЕСОВА М.

Мақалада кіріктірілген оқыту технологиясының тиімділігі, ерекшелігі қарастырылады. «Нәруыз» тақырыбын оқыту барысында химияға биологияны кіріктіру көрсетілген. Жаратылыстану бағытында химия сабағында кіріктірілген технологияны пайдалану тиімділігі айтылған.

Кілтті сөз: нәруыз, инновациялық технология, кіріктіру, химияны оқыту әдістемесі.

Тұлғаның өмір сүру әрекетінің негізгі шарты – оның санасында дүниенің біртұтас бейнесі және ондағы адамның өз орны болуы; адамның заттармен, құбылыспен, табиғатпен заңды байланысын орнату болып табылады. Тұлғаны дамыту және қалыптастыру, дүние, табиғат, қоршаған орта және адам, олардың өзара байланысы жөніндегі біртұтас көзқарас

қалыптастыру; оқушылардың әр түрлі әрекеттері үшін барынша жағдай туғызу – бұл білімді интеграциялаудың негізгі мақсаты. Бұл жерде әңгіме, білімнің жиынтығы және эрудицияның кеңдігі жөнінде емес, еркін бағдар және ХХІ ғасыр адамының даралық мәдениеті, өзіндік позициясын таңдап алуын қамтамасыз ететін жеке тұлғалық, құзыреттілік сапасы жөнінде болып отыр. Сондықтан орта білім мазмұнының бүгінгі күн талабына сәйкес болуы аса маңызды мәселе [1].

Баланың өзіндік «дүние бейнесі» ерте пайда болады және толық еместігіне қарамастан оның маңызды жетістігі – тұтастығы. Бала мектепке келгеннен кейін осы тұтастық пәндер арасындағы шекараның салдарынан бұзылады да, нәтижесінде оның алған білімі өзара нашар байланысады. Кейбір мұғалімдер өз сабақтарында пәнаралық байланысты қолданғанымен ол мәселені тұтас шеше алмайды.

Білім – біртұтас дүние және ол оқушы үшін де сол күйінде қалуы керек. Пәндер арасындағы кедергілерді жою үшін білімді басты объектілердің немесе тақырыптардың айналасына біріктіру керек. Бұл пәнді әр қырынан қарастыруға, оның барлық өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді. Анализ, синтез, салыстыру, біріктіруді қолдануға болады. Бұл дүниетанымды, адамтану, экологиялық, коммуникативтік білімдер мен іскерліктерді қалыптастыру үшін маңызды.

Химияны кіріктірілген (интегративті) оқыту деп бұрын бөлінген бір және әртүрлі компоненттерді (мақсаттары, мазмұны, әдістері, құралдары, технологиялары, шарттары) біртұтас білім беруге біріктіруді айтады [2]. Кіріктірілген технология бойынша оқытудың категориалды аппараттарына төмендегі негізгі түсініктер жатады: интегративті тәсіл, интеграция және дифференциялау, интеграциялық процестер және олардың заңдылықтары, пәнаралық және пәнішілік интеграция, интеграцияның деңгейі мен түрлері, интеграцияның әдістері мен механизмдері, біртұтастық.

«Интеграция» ұғымы латынның *integer* – бүтін, тұтас деген мағынаны білдіреді, яғни бұрын бөлініп кеткен көптеген компоненттердің бірігуі. Бұл процесс өзіне қарама-қарсы дифференциациямен диалектикалық бірлікте болады. Олай дегеніміз кіріктірілген және дифференцирленген процестер бір-бірімен бірікпейді және бірінің соңынан бірі ермейді, олар бірінің ішінен бірі немесе бірі арқылы екіншісі шығады. Егер кіріктірілген компоненттер біртекті болса, онда пәнішілік кірігу, ал әртекті болса пәнаралық кірігу болады.

Кірігу негізіне объективті шарттар себеп болады:

- онтологиялық (бүтін мен бөлшектің, жеке мен жалпының бірлігі);
- гносологиялық (таным процесіндегі синтездеу әдісі);

-элеуметтік-практикалық (қазіргі заманғы күрделі ғылыми, қолданбалы-практикалық, өндірістік-практикалық, элеуметтік мәселелерді шешу).

Интеграциялық (кіріктірілген) процестер заңдылықтарының ұстанымы – біртұтастылық. Оларға ең алдымен қажетті, негізгі, қайталанатын процестердің арасындағы байланыс жатады. Атап айтсақ:

- химия пәнінің жүйетүзгіш логикасы;
- адам баласы жасаған табиғи заттар мен материалдардың бірлігі және олардың техникада, технологияда, тұрмыста қолданылуы;
- заттардың бір-бірімен құрамы, құрылысы, қасиеттері бойынша өзара байланысы мен тәуелділігі;
- химияны және басқа объектілерді (биологиялық, физикалық, географиялық, экологиялық және т.б.) оқытудағы біртұтастылық;
- интеграциялық процестер мен білім беру процестерінің біртұтастығының өзара себептері.

Интеграциялық процестер жүру барысында интеграциялану механизмін анықтап алған жөн. Интеграциялану механизмі деп бұрын бөлініп кеткен көптеген компоненттердің біртұтастыққа белгілі бір логикалық буындардың бірінен кейін бірінің бірігу жүйесін айтады. Бұлай кіріктіру көп сатылы болады.

Кірігуге дейінгі сатыға жататындар:

- оқу пәндерінің мазмұны мен оның компоненттерін – дидактикалық жолмен сараптау;
- оқу материалдарындағы функционалды, дидактикалық және кәсіби байланысқан компоненттерді жалпылап қорыту.

Кіріктіру сатысына:

- құрылымы реттелген, бірақ бөлініп кеткен оқу материалдарын абстракциялау;
- функционалды байланысқан компоненттерді одан әрі жалпы қорытындылау;
- компоненттерді пәнаралық, конгломерат және синтез түрінде біріктіру (интеграциялау);
- интеграцияланған компоненттер мазмұнын жүйелеу.

Интегративтеуден кейінгі сатыдағы жүзеге асырылуы керек шаралар:

- оқу материалының интегралдық құрылымын құру;
- жоғары деңгейде құрылымы реттелген интегративті оқу материалының болуы.

Білім берудің интеграциялану мазмұны мынадай элеуметтік және дидактикалық факторлармен қамтамасыз етіледі:

- элеуметтік тапсырысты іске асыру;

-ғылымда, білімде, техникада, технологияда және өндірістік экономикадағы интеграциялық процестерді бейнелеу;

-мектеп курсындағы химияның озық идеяларын іске асыру;

-дидактикалық және кәсіби маңызды пәнаралық маңызды объектілерді оқу;

-әрекеттің тұтас жүйелігін іске асыру;

-ғылымаралық жаһандық проблемаларды бейнелеу;

-дидактиканың озық заңдылықтары мен принциптерін іске асыру.

Кіріктірілген процестер дидактикалық шарттарға байланысты әр түрлі болады: -компоненттердің мазмұнына (фактілер, ұғымдар, теориялар, методтар, заңдар, проблемалар және т.б.), жалпылау дәрежесіне;

-пән мазмұнының көлеміне (пәнішілік интеграция, пәнаралық интеграция, категориялық синтез);

-интеграциялық процестердің аяқталу дәрежесіне;

-кірігетін пәндердің басымдылығына (гуманитаризациялау, фундаментали-зациялау, техникаландыру, технологияландыру, экологияландыру).

Қолдану деңгейіне қарамастан интеграциялық процестердің жалпы құрылымы бар және жалпы методика бойынша көпсалалы механизм түрінде іске асады.

Кіріктірілген технологияны іске асыруда инновациялық тәжірибелердің елеулі маңызы бар. Бұл технологияны ары қарай дамыту арқылы білім берудің жаңа сатысына шығаруға болатынын алдын-ала болжауға нақты сенім бар.

Органикалық химияда «Нәруыздар» тақырыбын оқытуда кіріктірілген технологияны пайдалану өте тиімді. Химия пәнінің мұғалімі нәруыздар тақырыбына толық теориялық түсініктемелер береді[3].

Биология пәнінің мұғалімі топпен зертханалық жұмыс жүргізеді.

Төрт топқа бөлінген білімгерлер асқазан сөлінің жұмыртқа нәруызына әсерін зерттейді; бірінші топ– 40⁰С дейін қыздырады, екінші топ 0⁰С –ге дейін суытады, ал үшінші топ қайнатады, төртінші топ – негіздік ортада әсерлерін көреді. Бесінші топ болса, асқазан сөлінің кәдімгі жағдайдағы қасиеттерін және оның крахмалға әсерін тексеріп көреді.

Тәжірибелік жұмысты аяқтағаннан кейін білімгерлер өз бетінше қорытынды жасайды. Тақтаға гидролиз реакциясын жазады.

Биология пәнінің мұғалімі ең алғаш нәруыз туралы XIX ғ. айтыла бастағанын түсіндіреді. 1888 ж. А.Я. Данилевский «Белоктардың молекулалық теориясын» ұсынды. XX ғ. басында Э. Фишер пептидтерді және пептид тәрізді заттарды синтездеді, ал 60-шы жылдары ең бірінші нәруыз – инсулин синтезделген.

Білімгерлер нәруыздық қорек туралы өз ойларын ортаға салады.

4-оқушы. нәруызға деген қажеттілік әр адамның жасына байланысты. Ең алдымен нәруыз азық ретінде қажет. Ол – біздің ағзамыз үшін қуат көзі, ал денсаулық нәруыздың мөлшеріне тікелей байланысты. Нәруыздың тамақ құрамында жетіспеуі әртүрлі ауруға әкеліп соқтырады. Денсаулық үшін сапалы нәруыз керек.

Ал соңғы сұрақты да бір білімгер айтады. Сосын қос мұғалім білімгердің айтқанын қорытып, оларға сабақты бекітуге арналған тапсырмалар береді.

Бұл кіріктіріле отырып өткізген сабақтың артықшылығы:

- Білімгерлер өз қабілеттері, мүмкіндіктері бойынша оқу материалын игереді;

- Оқу материалын игеру кезінде әр білімгер өзіне қажетті деңгейде білім алу мүмкіндігі туындайды;

- Білім кіріктіріле отырып берілуі, оны толық қабылдауға мүмкіндік береді.

Осыған орай, білімгерлердің шығармашылық ойлау қабілеті артып, танымдық белсенділіктері дамиды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шаталов М.А., Кузнецова Н.Е. Обучение химии. Решение интегративных учебных проблем. – М., 2006.

2. Кузнецова Н.Е., Шаталов М.А. Обучение химии на основе межпредметной интеграции. – М., 2006.

3. Құрманалиев М.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.

БИТЕМИРОВА А.Е., БИТЕМИР Н.М., ИЛЕСОВА М. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕГРИРОВАННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ХИМИИ

В статье рассматриваются особенности использования технологии интегрированного обучения, определяются условия её эффективности. На примере урока «Белки» показана интеграция между такими предметами, как химия и биология. Применение технологии интегрированного обучения на уроках химии более целесообразно в контексте освоения предметов естественнонаучного цикла.

Ключевые слова: *белок, инновационная технология, интеграция, методика преподавания химии.*

BITEMIROVA A., BITEMIR N.M., YLESOVA M. THE EFFECTIVENESS OF THE USE OF INTEGRATED TECHNOLOGIES IN TEACHING CHEMISTRY

The article discusses the features of the use of technology integrated education, its effectiveness. In the example lesson «Proteins» it shows the integration between such subjects as chemistry and biology. The use of technology integrated teaching at the lessons of chemistry is more appropriate in the context of the natural Sciences.

Keywords: *protein, innovative technology integration, methods of teaching chemistry*

ӘОЖ 612.013.5

**БЕЙІМДЕЛУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ФИЗИОЛОГИЯСЫ**

МАМЫТОВА А.Ы., СЕЙТБЕКОВА Г.К.

Мақалада оқушының физиологиялық бейімделу кезеңінің кедергілері қаралады. Ғалымдардың бейімделу үдерісіндегі психологиялық бейімделу, әлеуметтік және психологиялық бейімделу зерттеу кезеңдерін физиологиялық бейімдеу қарастырылған. Бейімделудің өнімді көрсеткіштері оқу үрдісінде оқушыларының көңіл-күйін түсірмеу және психофизиологиялық әдістерді қолдану жолдары зерттелген.

Кілт сөздер: *бейімделу, психология, физиология, факторлар.*

Қазақстандағы білім берудің жаңартылуы оқыту әдістерінің, оқу үрдістерінің жетілдірілуін талап етеді. Сонымен қатар, өскелең ұрпаққа нарық экономикасына сай білім беру мақсатында жекелеген пәндерді оқыту тілінде де біркелкілік жоқ. Гуманитарлық пәндерді қазақ немесе орыс, ал жаратылыстану пәндерін ағылшын тілдерінде оқыту Назарбаев зияткерлік мектебінен бастау алып, басқа да мамандандырылған мектептерде енгізілгендігі байқалады. Қазіргі заман талабына сәйкес оқушылардың оқу-тәрбие ісі жаңа әлеуметтік тапсырысқа орай ынталылыққа, шығармашылыққа және жеке тұлғаның денсаулығына бағытталуы қажет. Жаңа оқу үрдісіне оқушыларды бейімдеу физиологиялық ерекшеліктерді зерттеп білу арқылы іске асырылатыны анық.

Бейімдеу барысында оқушылар физиологиялық ауыртпалықты басынан кешіреді. Осыған байланысты оқу үрдісіне бейімделуді қамтамасыз етуде оқушылардың физиологиялық дамуы ерекше маңыздылыққа ие болады. Бейімделу барысын зерттеген ғылыми еңбектерде физиологиялық әдістердің қоршаған орта шарттарын өзгертуге қатысты кешенді іс-шараларды қолдану қажеттілігі баса көрсетіледі [1]. Зерттеулердің тап осы бағыттағы

тұжырымдары оқу үрдісінде оқушылардың физиологиялық бейімделу мәселелерін шешеді. Авторлардың жұмыстарында [2] қаралатын мәселелер төмендегідей:

1. Әр түрлі бағытта білім алушы оқушылар ағзасындағы физиологиялық көрсеткіштерінің динамикасын оқу күндері нәтижесінде қарастыру.

2. Оқушылар ағзасының физиологиялық көрсеткіштерін оқу күнінде жасалған түрлі дәрежедегі дене жаттығулары мен зиянды әдеттерін зерттеу.

3. Оқушылар ағзасының физиологиялық көрсеткіштерін жеке мазасыздану дәрежесі тұрғысынан зерттеу.

Оқушылардың ойлау қабілетінің бір объектіден екінші объектіге жиі және жылдам ауысуы нәтижесінде бейімделудің тұрақтылығын, жадының (есте сақтау қабілетінің), сезімдердің, ойлау қабілетінің толқуларын және эмоционалды ауытқулықтарды зерттеу оң нәтиже береді.

Ағзаның «бейімделу қорын» қалыптастыру сыртқы әсер ауыртпашылығына (таңертеңнен кешке дейін оқу, демалыс уақытының азаюы т.б.), ішкі факторлардың күйзелісіне (сабақ тапсырмасының көбеюіне байланысты көңіл-күйдің жабырқауы, достарымен аулада ойнау мүмкіндігінен айрылу т.б.) қарсы ықпал жасау шарттарын қарастыру қажет. Осыған орай анықталған ерекшеліктер ағзаның физиологиялық және морфогенетикалық тұрғыда оқушылардың бейімделу уақытының қысқа немесе ұзақтығын айқындап бере алады. Жалпы биологиялық белгілерін зерттеп білу және сол ерекшелікті қолдану арқылы әр адамның әлеуметтік ортаға бейімделу шарттарын табу мүмкіндігі туатыны даусыз.

Бейімделу (өздігінен жөнге келу, қалыптасу) биохимиялық, физиологиялық, психикалық, әлеуметтік және тағы басқа деңгейлерде жүзеге асады. Психикалық деңгей: физиологиялық, әлеуметтік және психологиялық болып үшке бөлінеді. Қазіргі кезде оқушылардың бейімделу үрдісінің шарттарына сәйкес жоғары оқу орнында оқу психологиялық-физиологиялық және дара психологиялық, әлеуметтік-психологиялық аспектілерінде қарастырылып жүр. Оқушылардың бейімделу барысын тездету үшін жоғары сыныптарда ересектер өміріне ендірудің психологиялық-педагогикалық әдіс-тәсілдерін пайдалану ауадай қажет.

Бейімделу барысы қанша ұзақ уақытқа созылса да, көп шығындарға ұшыратса да оқу үрдісіндегі негізгі мақсаттарға мұрындық болады. Жоғары сынып оқушылары бейімделу шарттарын кешенді жүзеге асырмаған жағдайда үшінші тоқсан аяғында ғана бейімделетіні дәлелденген. Зерттеу нәтижелері бойынша, 5 сынып оқушыларының 89% оқу жылын келеңсіз күйзеліс күйінде бастайды.

Оқушылардың бейімделуі кезеңдерін зертеуші ғалымдар оқу үрдісіне физиологиялық бейімделу (2 аптаға созылады), психологиялық бейімделу (2 айға созылады), әлеуметтік-психологиялық бейімделу (3 жылға созылады) деп белгілейді. Көрсеткіштер мен бейімділік үрдісі іс-әрекеттері мен дағдыларының қалыптасуы жағынан, біріншіден, берілген белсенділік деңгейінің қамтамасыз етілуі және тысқары нейрофизиологиялық білімді меңгеруі, екіншіден, психоэмоционалдық қызмет нәтижелерінің жетілуі болып белгіленеді.

Бүгінгі таңда зерттеуші ғалымдар түрлі факторларға қарай оқушылардың бейімделу әсерлерін жан-жақты қарастырады. Оқушылардың физиологиялық өсу мүмкіншіліктерінің бәсеңдеуі (аз қимылдау, дене еңбегіне араласпау т.б.) және оқу жүйесіндегі ақпараттар ағыны оқушыларға ауыр психологиялық жүк салады. Сонымен қатар, аталған факторлардың психологиялық-әлеуметтік маңыздылығын, биологиялық себептерін және ми жарты шарларының құрылымдық әрекеттестіктерін еске алу керек. Сол жарты шарлардың биік болуы спектрдің тарылуына және психологиялық ригидтіліктің, қабылдаудың баяулауына және сырттан түсетін хабарды өңдеу барысында мазасыздық күйге, интроверсияның жоғарылауына, невроздардың пайда болуына және белсенділігінің төмендеуіне алып келеді. Дәл сол уақытта екі жарты ми (билатеральдық) шарларына қатысты жоғарылауын қамтамасыз ететін және целебральдық құрылымының креативті (шығармашылық потенция) ақпараттың өңделуі мен бейімделуін жеделдетеді. Оқудың бастапқы кезінде бейімделу шарттарына көңіл бөлу алға қойған мақсаттардың шешу мүмкіндігін туғызып, ойлау мен шығармашылыққа жағдай жасайды.

Эксперименттік зерттеулердің нәтижесінде оқушылардың бейімделу әдісі анықталды (Люшер тесті, өзін-өзі бағалау тесті, Дембо-Рубинштейн және Векслер мен Равена тесті т.б.) [3].

Равен тесті арқылы белсенді назар аудару концентрациясы туралы, яғни ақыл мен жүйкеге зиян келтіру, жоспарлы ой қызметінің – ой өнімділіктерінің (ИП), G – факторда (жалпы зерделі энергияның), психология мен физиологияның оқу жылындағы қиындықтары жеке басының қатысуына себеп болады. Америкалық авторлар көрсеткендей, депрессивті тенденциялар бейвербальдық тестерді орындағанда көрсеткіштерін төмендетеді, соған қарамастан айту (яғни, сөйлеу) нәтижесінде қабылдау мүлдем өзгермейді. Равен тесті бейвербальдық тестерге жатады.

Равен тесті 60 кестелі абстракты геометриялық пішіндерден, айқын-кисынды ережелері мен суреті жинақталған кітапшадан тұрады. Барлық кестелерде бейнелеу үзіндісінің жеткіліксіздігі және ұсынылған кескіндерден керектісін теріп алу қажет. Кестелер бес бөлімге бөлінген және де бөлімнен

бөлімге ауысқанда үлгі тапсырмалары күрделене береді. Тест авторы болжағандай, басында оның орындалуын ойлантады және орындайтын тапсырма оны одан да қиын тапсырма орындауға дайындайды. Тесттің орындалуына шек қойылған және ол 20 минут ішінде құрастырылуы тиіс. Тапсырманы орындау нәтижелері жалпы қабілеттіліктің даму деңгейін, жұмысқа қабілеттілігін, интеллектуалдық өнімділігін, оқушылардың жанама және жеке көңіл-күй тенденциясын тануға мүмкіндік береді.

Оқушылардың ИӨ деңгейін анықтау үшін орташа арифметикалық $\pm 0,5 d$ көрсеткіштерін қолдану қолайлы, d -таңдаулы ауытқушылық стандарт күйі. Егер оқушыларда ИӨ көрсеткіші жоғарыдан орташа $\pm 0,5 d$ болса, онда оқушылардың жоғары ИӨ деңгейі жөнінде айтуға болады, ал төменнен орташа ИӨ деңгейінің көрсеткіші тап осы топта орналасқан. Егер оқушының ИӨ көрсеткіші диапазонда жоғарыдан төмен және төменнен жоғары деңгейлерінде орналасқан болса, онда ИӨ-тің орташа деңгейі туралы айтуға болады. Егер оқушыларда ИӨ төменнен орташа (орташа $0,5 d$) болса, онда оқу үлгерімінің нашар дамуына, көңіл-күй төмендеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де алдын-алу шараларын жүргізбеген кезде ИӨ-тің төмен деңгейі – оқу үрдісіне үлкен психологиялық және физиологиялық кернеу көрсетеді, қайраткерліктің қарқынды төмендеуі шын мәнісінде оқуды қиындатуы мүмкін. ИӨ-тің орташа деңгейі – ЖОО-да оқу үшін даму қабілет деңгейлерінің жеткіліктігін айқындайды. ИӨ-нің жоғары деңгейі – оқушылардың жоғары мүмкіндіктерінің дамуы мен оңтайлы психологиялық және физиологиялық оқу үдерісінің шарты болып табылады.

Оқушылардың табысты бейімделулері үшін төмен көрсеткіштердің интеллектуалдық профилактикалық жұмысы өте маңызды. Ал олардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері ақпарат өңдеуінің төмен жылдамдығы оқу үлгерімінің нәтижелі болуына дәл сондай жағдай жасамайды. Нәтижесінде талап маңызды психологиялық механизм ретінде алға шығады. Оқушылардың көңіл-күйінің психоэмоционалдық нәтижелері реттеуіштік, таңырқаулық мотивациялық мінездемесі төмен көрсеткішпен көрсетілетіні дәлелденді.

Мектептегі оқу үрдісіне оқушылардың бейімделуін жеделдету мақсатында В.В.Емельянов [4] өзінің әлеуметтік-психологиялық тәжірибесі негізінде арнайы курс өткізуді ұсынады. Әрине бұл курсты өткізу міндетті емес. Бірақ әлеуметтік-психологиялық кедергілерден қиналмай өтуді, жаңа өмір шарттарына бейімделуді жеңілдетеді. Көңіл-күйді танып білудің тап осы түрі әлеуметтік-психологиялық деңгейдің талабына сай келеді.

Бейімделудің өнімді көрсеткіштері оқу үрдісінде оқушыларының көңіл-күйін түсірмеу және психофизиологиялық әдістерді қолдану болып табылады. Ми құрылымының белсендіру адамның психикалық жағдайын,

соның ішінде оқу және көңіл-күйін жақсарту деп түсінгеніміз жөн. Оқушылардың көңіл-күйін басқару арқылы оқу нәтижелілігінің көрсеткішін жоғарылатуға болады.

Сайып келгенде, оқушылардың бейімделуіндегі өзекті мәселе орталық жүйке жүйесін белсендендіру деңгейін анықтау болып табылады.

Оқушының қабілеттілігін танып білу үшін негізгі көрсеткіш ретінде бейімделу процесі кезінде инструменталды әдіс, яғни жүрек тамыры, жүйке-жүйесін тексеру жүзеге асырылады.

Оқу жылы басында, латенттік кезеңде, жарық пен дыбысқа оқушылардың реакциясы жоғары болады да, ал оқу жылының аяғында төмендейді. Осындай заңдылық корректурлық тексеру кезінде де байқалған. Бұл актілер ағзаның жұмыс істеу мезгілімен байланысты. Зерттеуден өткен көпшілік оқушыларда практикалық сабақтардан соң қан қысымының, жүрек соғуының өзгеруі байқалады. Негізінен 43% үлесінің систоликалық және 27% үлесінің қан қысымы төмендегені анықталған. Бұл өзгерістер ағзаның функциясының қалыптан тыс көп мөлшерде жұмыс істеуіне байланысты жүрек қан тамыры жұмысының әлсіреуіне әкеліп соғады. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде сабақ басында ағзаның қалыпты жағдайда, ал соңында жүрек қағысы мен қан қысымында өзгеріс болатыны байқалған.

Жарық пен дыбысқа назар аударуы (реакциясы) баяу оқушылардың бағалары төмен болатыны дәлелденген. Сондықтан физиологиялық ахуалдың төмендеуі, сонымен бірге көп уақыт белсенділіктің болмауы сабақтың нашар үлгеріміне алып келеді.

Физиологиялық өзгерістерге түрлі көрсеткіштер әсерін тигізеді. Мысалы, мазасыздану қалпы жоғары оқушыларда ол жоғары болса, ал мазасыздану қалпы төмен оқушыларда физиологиялық ауытқу тіпті болмайды. Бейімделу фенотипі көптеген авторлардың тұжырымына сәйкес оқушылардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктері ағзаға байланысты. Ағзаның айрықша белгісі морфогенетикалық ерекшелігінде. Соның бір айғағы теріге байланысты. Мысалы, қол бармақтарының мөрі.

Физиологиялық ауытқулықтардың кейбір белгілерін саусақ ұштарындағы негізгі қол оюларының таралуы немесе байланысуы арқылы бейімделу деңгейін және оның бейімделу үдерісінің сатысы адамның генетикалық ерекшеліктерімен байланысты екенін көруге болады; ал оның құрылымдық мүмкіндіктері мен бейімделу қоры адамның морфологиялық мінездемелерімен тығыз байланысты. Сондықтан адамның бейімделу мүмкіндіктеріне баға беру кезінде тұлғаның психологиялық, физиологиялық және морфогенетикалық ерекшеліктерін біріктіретін жүйені қолдану керек.

Бейімделудің дене қимылы мен ойлау қабілеттеріне жүк түсіруі бүкіл ағзаның кері әсерін тудырады. Бірақ құрылымдық жүйелердегі ауытқулар

түрлі деңгейде болуы мүмкін. Белгілі бір жүйедегі ауытқулар ұзақ уақыт аралығында жинала келе, өздеріне тән белгіге ие болады және бүкіл ағза құрылымының жағдайына баға беретін индикатор ретінде қолданылады. «Жұмыс қабілетінің жоғарылауы» арқасында жұмыстың нәтижесінің ұзақ уақыт бойы өзгермеуі мүмкін. Бірақ бұл ішкі ресурстардың азаюы мен жұмыс қабілетінің қалыпқа келуі үшін ұзақ уақыт жұмыс істеуімен жүзеге асады.

Бейімделудің оңтайлы жүзеге асуы ағзаның іс-әрекетіндегі эмоционалды қалыптың тұрақталуымен анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаренкова А.А. Оқушылардың жоғары сыныптарға бейімделу мәселелері: зерттеудің өзектілігі және болашағы // Психологиялық сұрақтар. – 2004, №3. –285-288 б.б.
2. Пономарева Л.А. Оқушылардың бейімделуі // Специалист. –2001, №7. – 22-23 б.б.
3. Кремень М.А. Өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу // Оқыту және тәрбиелеу. –1999, №3-4. –22-24 б.б.
4. Емельянов В.В. Оқушылардың жоғары сынып өміріне бейімделуі // Әлеуметтік зерттеу. –2001, №9. –77-82 б.б.

МАМЫТОВА А.Ы., СЕЙТБЕКОВА Г.К. В ПЕРИОД АДАПТАЦИИ ФИЗИОЛОГИЯ УЧАЩИХСЯ

В статье рассматриваются физиологические барьеры адаптационного периода учащихся. Адаптационные этапы исследования ученых процессе адаптации к физиологической, психологической адаптации, социальной и психологической адаптации набора.

Настроение и психофизиологических применения методов пути спустить со показатели учащихся в процессе обучения продукции исследованных.

Ключевая слова: физиология, адаптация, психология, факторы.

МАМУТОВА А.У., СЕУТБЕКОВА Г.К. PUPILS PHYSIOLOGY DURING ADAPTATION

In this article we consider physiological barriers of the adaptation period of pupils. Adaptation investigation phases of scientists process of adaptation to physiological, psychological adaptation of set. Mood and psychophysiological methods of roads of application to lower about indicators of pupils in the course of t raining of production of investigated

Key words: physiology, adaptation, psychology, factors.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

УДК 332(519.5)

**ОҢТҮСТІК КОРЕЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ПЕН
СТРАТЕГИЯ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ**

АБДЫХАНОВ У. К.

Мақалада Оңтүстік Кореяның XX ғ. екінші жартысындағы және XXI ғ. басындағы экономикалық өркендеуінің мәселелері қарастырылады. Автор Корея Республикасы экономикасының қарқынды дамуы қандай факторларға негізделетінін ашады, сондай-ақ, оңтүстік-корейлік «гажап» аталып жүрген нарықтың көрінбейтін қолының нәтижесінде емес, экономиканы қатаң мемлекеттік басқару, мемлекеттік жоспарлау, көлік пен банк жүйесін мемлекеттендіру, ірі өндіріс топтарына сену және АҚШ-пен «достастығының» нәтижесінде болды деп көрсетеді.

Кілт сөздер: экономика, даму, өсудің қарқыны, дамыған елдер, демократия, өндіріс, нәтиже, ықтиярлы, дағдарыс, динамика, жетістік, нарық, банк жүйесі.

Корея Республикасы (Оңтүстік Корея) XX ғ. екінші жартысында – ХХІғ. басында экономикалық өсімінің динамикасын көрсетті. 2011 ж. әлемде жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) (сатып алу жарамдылық СЖТ) бойынша 12 орында, ал нақтылы ЖІӨ бойынша 15 орында болды. 2014 ж. жалпы ішкі өнімі халықтың жан басына шаққанда 1963 жылғы 100 АҚШ долларынан қарағанда 35 000 АҚШ долларына өсті [1,8].

Оңтүстік Кореяның экономикалық дамуы ЖІӨ жоғары өсуімен анықталады. 2000-шы жылдары, барлық дамыған елдерде сияқты, Оңтүстік Кореяда ЖІӨ өсімі 1990-шы жылдарындағы 5,7%-дан 4,5%-ға дейін төмендеді (1990-шы жылдары – 8,9%). ЖІӨ өсу қарқыны төмендегеніне қарамастан жалпы әлемдік көрсеткіштерден 1,6 есе және дамыған елдерден 2,4 есе асып тұр. 1960–1970 жылдарындағы дағдарыссыз дамығаннан кейін 1980, 1998 (– 5,8%) және 2009 (– 0,1%) жылдарында оңтүстік-корейлік шаруашылығы өндірудің төмендеуін бастан кешті. Бұндай құбылыс осы кезде ұдайы өндірістік процесі дамыған елдерге тән кезеңділікке иеленді. 1998 және 2009 жылдарындағы жалпы экономикалық төмендеуіне қаржылық дағдарыс алдын алды [2].

1940 ж. Оңтүстік Корея экономикасы ауыл шаруашылығы мен жеңіл өнеркәсібіне сүйенетін еді. Келесі онжылдықтарында жеңіл өнеркәсібі мен халық тұтынатын тауарларды өндіруге көңіл аударылды, ал XX ғ. 70-ші және

80-ші жылдарында ауыр өнеркәсібі дамуы қолға алынды. 1962 жылы ел президенті Пак Чжохи бірінші бесжылдықты жариялағаннан кейін 30 жылдың ішінде Оңтүстік Корея экономикасы өте жоғары қарқынмен дамыды, соның нәтижесінде оның құрылымы қатты өзгерді.

Басқа жоғары дамыған елдерінде сияқты Оңтүстік Кореяның экономикасында ХХ ғ. 90 жылдарында қызмет көрсету аясы басым болды, ал ХХІ ғ. басында қызмет көрсету аясы ЖІӨ үштен екісін құрады.

2015 жылындағы Оңтүстік Кореяның жалпы сипаттамасы:

халық саны – 50,66 млн адам;

ЖІӨ – 1,377 трлн АҚШ доллары;

ЖІӨ СЖТ (сатып алу жарамдылық) бойынша – 1,85 трлн АҚШ доллары;

ЖІӨ халықтың жан басына шаққанда – 27 221 АҚШ доллары;

ЖІӨ СЖТ (сатып алу жарамдылық) бойынша – 34 87 АҚШ доллары;

халықтың жан басына шаққанда жалпы ұлттық кірісі – 27 440 АҚШ доллары;

кедейшілік деңгейі – 13% (2014 ж. ЮНЕСКО мәліметі бойынша);

жұмыссыздық деңгейі – 3,6% (2016 ж., шілде);

сауаттылық деңгейі 97,9% (2013 ж.);

сыртқы қарызы – 85,8 млрд АҚШ доллары;

(ЖІӨ 28%) (2016 ж., наурыз);

мемлекеттік қарыз – 4,9% [2].

ХХ ғ. 60–80 жылдарындағы Корея Республикасының экономикасының қарқынды өсуін дамудың ықтиярлы (либералды) моделін қуаттау пайдасына дәлелдер келтіреді. Шынында да Оңтүстік Корея ғажабы болды. 1961 жылдан бастап ол экспоненттік (уақыт тұрғысынан өсу қарқыны тұрақты) экономикалық өсуін көрсетті. Егер де бастапқы жағдайын есепке алатын болсақ бұл таңғаларлық құбылыс. Бірақ оның экономикасы ықтиярлы моделімен байланысты емес.

ХХ ғ. бірінші жартысында Корея Жапонияның отары болды. Одан кейін қиратушы азамат соғысы (1950–1953 жж.) өтті. 1960 ж. халықтың сан басына шаққанда ЖІӨ бойынша (80 АҚШ доллары) Оңтүстік Корея көптеген Африка елдерінен қалып келе жатқан еді. Азамат соғысынан кейін Оңтүстік Корея АҚШ беріп тұрған өтеусіз несиесімен күн көрді. АҚШ осы елге өтеусіз несиені коммунистердің келуіне жол бермеуіне барынша тырысты [3].

Сонымен бірге Корея түбегі пайдалы қазбаларға кедей. Ауыл шаруашылықты таулы жер болғандықтан дамытуға қиын болды. Кореяның өзін-өзі азықпен қамтамасыздандыруға мүмкіндігі болмады.

1950 жылдарының аяғында Оңтүстік Кореяда қиын саяси жағдай қалыптасты, осы астан-кестен ағынында әскери төңкерісі нәтижесінде 1961

жылының көктемінде билікті әскери қызметкерлері басып алды. Оларды генерал Пак Чжонхи басқарды. Осы генерал 1979 жылға дейін ауыспай билік жасады.

Елде тәртіп орнатылды, бірақ қолданылған әдістері демократияға сай келмейді. Қатал генерал Пак мемлекеттік аппаратты толығымен тазалап, елді сыбайлас жемқорлықтан айырды. Сол кездерде Солтүстік Кореяның (Корея Халық Демократиялық Республикасының) даму динамикасы едәуір жоғары еді. Сондықтан қайткен күнде де Солтүстік Кореяға жетіп және оны озып кету үшін үстемшіл Пак жоспарлы мобилизация экономикасына сенді. Социалистік елдерде сияқты Оңтүстік Кореяда экономиканың дамуының бесжылдықтары енгізілді. Осы жоспарлардың өңдеу мен орындалуын Ұлттық қайта құру жоғары кеңесі бақылады. Осы кеңес негізінен жоғары әскери қызметкерлерден құрылған.

Пак Чжонхи Ресейдегі 1917 ж. В. И. Ленин басқарған Кеңес үкіметі сияқты ауқымды мемлекеттендіру жүргізді. Сонымен қатар үкімет көлік инфрақұрылымын, энергетиканы, сумен қамтамасыздандыруды толық қадағалауын сақтады. Экономикалық дамуында генерал Пактың әкімшілігі орталықтандырылған басқару жүйесіне сенді.

Пак нарықтың көрінбейтін қолына емес чебольдердің (Samsung, LG Group, Hyundai, Daewoo сияқты қаржы және өндіріс топтарының оңтүстік-кореялық түрі) қолданушылығына үлкен сенім артты. Чебольдер осы кезде пайда болды. Қазіргі кезде елде осындай 30 астам корпорациялары бар, олар елдің өнеркәсібінің көбісін бақылайды. Чебольдер шын мәнінде кландық олигархиялық конгломераттары. Оның негізгі басқару қызмет орындарына чеболь жетекшісінің туыстары мен достары тағайындалады.

XX ғ. 60 жылдарында Вьетнамда соғыс басталды. Оңтүстік Кореядағы соғысты АҚШ қолдады. Вьетнам соғысына 300 мыңнан астам оңтүстік-кореялықтар қатысты. Оңтүстік Кореяның осы соғысқа қатысуын АҚШ қуаттап, оған ондаған миллиард долларды грант, займ, көмекқаржы, технологиялар ретінде берді. Сонымен қатар чеболь корпорациялары АҚШ-тың әскери құрылысын жүргізуге, әскери техниканы көлікпен тасымалдауға, жөндеу мен қызмет етуге т.с.с. ірі тапсырыстар алып тұрды. Hyundai компаниясы осындай құрылыс тапсырыстар арқылы тез көтерілді, мысалы, АҚШ-тың әскери-теңіз базасын жасақтады. Оңтүстік Кореяның арзан жұмыс күштері және шетелден қаржының көп келуі өз ісін жүргізуге мүмкіндік жасады. Чебольдердің саны көбейді. Банк жүйесі мемлекеттендірілгеннің себебінен чебольдер үнемі жеңілдікті несие алып тұрды.

Оңтүстік Кореяда экономиканың қарқынды даму кезінде әлеуметтік қамтамасыздандыру жүйесі іс жүзінде болмады. Бұндай жағдай корпорацияларға даму үшін қосымша резервтер берді. Экономикалық

серпілісіне дейін чебольдер болмаған еді. Олар мемлекеттің қуатты қолдауымен өсудің ерекше нәтижесін көрсетті. Мысалы, кемелер жасауына Оңтүстік Корея компаниялары 70-ші жылдарының ортасында ғана шындап кіріскен еді, ал он жылдан кейін олар әлемде кеме жасаудың тоннажы бойынша 2-орынға шықты.

Электроника, автомобиль өндірістерінде де осындай жағдай болды. Чебольдер экономикалық ғажайыптың негізгі қозғаушысына айналды.

1979 ж. Пак Чжонхиды оңтүстік-кореялық барлау басқармасының директоры (ұлттық қауіпсіздік комитетіне ұқсас) атып өлтірді. 1980 жылы өлтірілген генерал Пакты жаңа үстемшіл Чон Ду Хван ауыстырды. Билікті ол Оңтүстік Кореяда дәстүрге айналған жолмен алды – әскери төңкерістің көмегімен. Чон Ду Хван кезінде қуатты орталықтандырылған басқару жүйесі толығымен сақталынды.

Ақырында қатыгез үстемдік басқаруы күшті азаматтық қозғалыстарға алып келді. Мысалы, 1979 ж. Кванджу қаласында шерушілерді басу кезінде жүздеген адамдар қаза тапты. 1987 ж. осындай жағдайға АҚШ араласты және Рейганның қысымымен үстемшіл Чон Ду Хван қызметтен кетуге мәжбүр болды. Оны Ро Дэ У ауыстырды, ол да генерал, бірақ көзқарасы ықтиярлы еді. Ро Дэ У 1993 ж. сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар деп айыпталынып, тұтқындалды.

1990 жылдарының ортасында оңтүстік-кореялық ғажабы шыңына жетіп, доғаруға жақындады. 1997 ж. азиялық дағдарыстан кейін Оңтүстік Корея өсудің таңғаларлық қарқынын көрсете алмады.

Корея түбегінің даму тарихында әскери күштер маңызды рөл атқарған. Корё мемлекетінің кезінде әскери азаматтар саяси элитаның ішінде айрықша орын алған еді. Билікке қиын жағдай түскен кезде олар төңкеріс жасап, мемлекетті басқаруды өз қолдарына алатын. Дегенімен олардың қоғамдық құрылымы өте әлсіз еді.

Батыс елдері мен Жапонияның Корея түбегін отарлағаны корейлықтардың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына үлкен әсер етті, соның нәтижесінде қоғамдық ұйымдарының да көбеюіне. Сонымен бірге батыс елдерінде партиялардың пайда болуы буржуазияның корольдің билігімен күресуімен байланысты болса, ал Кореяда партиялардың пайда болуы ұлттық тәуелсіздігіне қауіп түсуіне байланысты.

Жапон езушілігі кезінде саяси партияларды ұйымдастыруы мүмкін болмаған. Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғыста жеңілуі мен Корея территориясын бір-біріне қарсы келетін екі идеологиялық лагерьге бөлінуі көптеген саяси ұйымдардың пайда болуына алып келді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында саяси партиялардың көшбасшылары тәуелсіз ұлттық мемлекетті құруға ұмтылды, яғни саяси

партиялардың бір-бірінен айырмашылығы нақты сезілмеген. Америка Құрама Штаттары мен КСРО осы елді екіге бөліп, көптеген партиялардың бірігуіне кедергі жасады. АҚШ Корея Халық Демократиялық Республикасын (Солтүстік Корея) басқаратын коммунистік партияны мойындамай, Ли Сынманға, Корея демократиялық партиясының көшбасшысына, жапондықтарға қызмет еткен корейліктерге, полиция қызметкерлеріне, шенеуліктерге сенім артты. Сонымен, бұрын жапондықтардың басшыларына қызмет еткен азаматтар енді АҚШ мүддесін қорғай бастады.

АҚШ әскери әкімшілігі корейлықтарды демократтық мемлекеттің идеясынан бас тартқызып коммунистерге қарсы шығатын мемлекет құрды. Шетел басып алған күштер (АҚШ пен Жапония) Ли Сынманға үстемділік тәртібін нығайтуға барымен тырысты. Осы кезде корейлықтардың ұлттық құндылықтарының бөлуіне алып келді: мемлекеттің салтанатты түрде жариялап жүрген демократиялық идеалдар мен үстемділік практика *арасында* дау шықты. Осы қарама-қайшылық Оңтүстік Кореяның тарихында 40 жылдан астам бойы қайталанып тұрды.

АҚШ әсерімен партиялық ұйымдардың қалыптасуы өте күрделі түрде өтті, американдық әскери әкімшілігінің барлық солшыл партияларға ымыраны көтермейтін көзқарасы келешектегі оңтүстік-корейлік мемлекетіндегі алғашқы республикалары партия жүйесінің бытыраңқы дамуына алып келді, халықтың көбісінің енжарлығын көрсетті. Соның нәтижесінде партиялық ұйымдар формальді түрде болып, жеке тұлғалардың арасындағы саяси күреске айналды.

Сонымен, Оңтүстік Кореяның алғашқы 40 жылында қазіргі саяси үрдіске әсер ететін партиялардың қалыптасуымен сипатталынады. Солтүстік Кореядан үнемі қауіптенуі, халықаралық жағдайдың күрделі жағдайы, барлау аппараты кеңінен бақылауы солшыл партиялардың қалыптасуына мүмкіндік бермеді.

Қазіргі таңда Оңтүстік Кореяда Бірлескен демократиялық (Минчжудан), Сэнури (Жаңа межелердің), Халық, Дұрыс, Әділеттік, Еркін партиялары Корея Республикасының Ұлттық жиналысын – бір палаталы заң шығарушы органын (парламентін) құрады. Ұлттық жиналыс 4 жылға сайланады, 300 депутаттан тұрады.

2016 ж. парламент сайлауында билеуші Сэнури (Жаңа межелердің партиясы) жеңіліп қалды. Президентке негізгі оппозициялық Бірлескен демократиялық партиясы (Тобуро) парламентте 121 орынға, Халық партиясы – 38, Дұрыс партиясы – 32, Әділеттік партиясы – 6, тәуелсіз депутаттар – 11 орынға ие болды [4].

Минчжудан (Бірлескен демократиялық партиясы) – елдегі президентке ірі оппозициялық партия. Партияның жетекшісі – Чху Миэ. Партияны 1955ж.

Син Икхи, Чан Мён, Юн Босон және Чо Бёнондар Демократиялық партия атымен құрған. 2014 ж. 16 наурызда Демократиялық партиясы Жаңа саясат коалициясымен бірігіп, Демократия үшін жаңа саяси одағын құрды. 2015 ж. 28 желтоқсанда Демократия үшін жаңа саяси одағы жаңа атау қабылдады – Бірлескен демократиялық партия. 2016 ж. 28 желтоқсанда парламент сайлауында Бірлескен демократиялық партиясы жеңді. Партияның идеологиясы – либерализм (ымырашылдық).

Сэнури (Жаңа межелердің партиясы) – Оңтүстік Кореяның саяси элитаның оңшыл консервативті партиясы. Партия 1963 ж. Демократиялық республикалық партиясы атымен құрылды. Сол кезде жетекшісі Пак Чонхи болды. Пакты өлтіргеннен кейін жетекшісі Чон Духван болып Әділеттіліктің демократиялық партиясы деп аталды. 2012 ж. 2 ақпанда Сэнури деген атқа иеленді. 2012 ж. желтоқсандағы президент сайлауында Сэнури партиясы жеңіп, Корея Республикасының тарихында бірінші әйел Пан Кынхе сайланды. 2016 ж. парламент сайлауында Сэнури партиясы жеңіске жете алмады.

Сэнури капитализм мен сауданы, кәсіпкерлікті, экономикалық дамуды, кіші үкіметті, салықты төмендетуді, сондай-ақ АҚШ пен басқа да батыс елдерімен ынтымақтастықты қолдайды. Сэнури партиясы Солтүстік Кореяға қарсы шығады.

Оңтүстік Кореяның билеуші Сэнури партиясы 2016 ж. бөлінді. Парламент президентке сенімсіздік білдіргеннен кейін президенттік фракцияға жатпайтын депутаттар партияның қатарынан шықты. Қазіргі кезде Сэнури партиясынан кеткен фракция жаңа партия құрып, президент сайлауына өз кандидатын ұсынбақшы. Осы бүлік консервативті партияның президент сайлауындағы күрес үшін келешегіне кедергі болып тұр. Парламенттің оппозициясы депутаттары ғана емес Сэнури партиясының өкілдері де президент Пак Кын Хені мемлекет басшысынан тайдыру және оның өкілеттілігін тоқтату туралы шешімді қолдады.

Халық партиясы 2016 ж. 2 ақпанда құрылды. Құрылтайшылары – Ан Чхольсу мен Ким Хангиль. Партия жетекшісі Пак Чивон. 2016 ж. парламент сайлауында 3-орынға иеленді.

Дұрыс партиясы да 2010-шы жылдарында құрылды.

Әділеттік партиясы – прогресивтік (солшыл және орталықшыл) саяси партиясы 2012 ж. 17 қазанда Әділетті прогресивтік партиясы Біріккен прогресивті партиясынан бөлініп жаңа атымен құрылды. 2013 ж. партия жаңа аты – Әділет партиясы – қабылдады. 2016 ж парламент сайлауында сайлаушылардың 7,2% дауыстарын алып парламентке кірді.

Сонымен қатар соңғы парламент сайлауының алдында Біздің ашық партия (Ёллинуридан), Ұлы елдің партиясы (Ханнарадан), Жұмысшылардың

демократиялық партиясы (Минчжуводоидан) деген партиялар болған. Саяси күрестің түрлі жағдайларына байланысты олар түрлі партиялармен араласып кетті.

Оңтүстік Кореяда – ширек ғасырдан астам парламент пен президент сайлаулары әділ және еркін өтетін демократиялық ел. Сайлауда жеңген де жеңіліп қалған тараптары мойындайды. Бірақ оңтүстік-кореялық демократияның бір қызық ерекшелігі бар – тұрақты партиялардың болмауы. Оңтүстік кореялық партияларды орташа өмір сүруі өте қысқа. Мысалы, 2012 ж. Кореяда екі партия – Сэнури (Жаңа межелердің партиясы) мен Минчжудан (Бірлескен демократиялық) – қарсыласып кезекті президент сайлауына қатысты.

2012 ж. парламент сайлауында үшінші орынға ие болған Прогрессивті бірлік партиясы сайлау алдында бір жарым жыл ғана (2011 ж.) құрылған. Сонымен 2012 ж. сайлауға мүлдем жаңа партиялар қатысқан.

2016 ж. парламент сайлауында Халық партиясы үшінші орынға ие болды. Бірақ осы партия 2016 ж. 2 ақпанда құрылды.

Дұрыс партиясы да 2010-шы жылдарында ашылды. Әділеттік партиясы да сол кездерде құрылды.

Ал енді 2007 ж. президент сайлауына басқа партиялар қатысқан: Ұлы елдің, Біріккен жаңа демократиялық, Еңбектің демократиялық партиялары. Сөйтіп 2007 ж. саяси құбылыстары 2011 жылындағы өзгерістермен ешқандай жалпылығы жоқ. Партиялар сайлаудың алдында 1–2 жыл бұрын құрылады. Бұл Оңтүстік Кореяның саяси ерекшелігі. Партиялардың көбісінің тарихы өте қысқа, 5-6 жыл, яғни бір сайлау циклы.

Бірақ Кореяда өздерінің бағдарламалары бар анық саяси күштер жоқ деп айтуға болмайды. Қазіргі Оңтүстік Кореяда тұрақты саяси күштер бар. Солардың ішінде: Бірлескен демократиялық партиясы (Минчжудан), 1955 ж. құрылған; Жаңа межелердің партиясы (Сэнури), 1963 ж. ашылды; Біздің ашық партиясы (Ёллинуридан) 2003 ж. құрылған.

Сонымен, оңтүстік-кореялық экономикалық ғажабының негізгі құпиялары неде? Неге Оңтүстік Корея осындай нәтижеге жете алды, ал ондаған мемлекеттер ықтиярлы экономикасымен жоғары нәтижеге қол жеткізе алмады?

Оңтүстік-кореялық жетістіктің негізгі себептері:

- Экономиканы қатаң мемлекеттік басқаруы.
- Мемлекеттік жоспарлау.
- Көлік пен банк жүйесін мемлекеттендіру.
- Ірі өндіріс топтарына сену. Айта кететіні осы топтар қылмыстық жекешелендіру нәтижесімен емес, шын мәнінде нөлден жасалынып шығады.

• АҚШ-пен достастық. Оңтүстік Кореяға бақытты лоторея билеті түсті, дегенімен осы территорияда астам державалардың геосаясаттық мүдделері қиылысты. Соның нәтижесінде шетел қаржылары молымен келді.

Сонымен, Оңтүстік Кореяда нарықтың көрінбейтін қолдары қатты байланған еді және экономикалық дамуына кесір жасай алмады. Өсу жетістігінің формуласы: *үстемділік + арзан жұмыс қолдары + шетел қаржылары = оңтүстік-корейлық гажан*. Бірақ бұндай жетістікті қайталауға әр кімге келе бермес. АҚШ кез келген үстемшілге қаражатты төгіп бермейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ломакин В. К. Мировая экономика. – М.: Юнити, 2012. – 671 с.
2. <https://ru.wikipedia.org/wiki>.
3. <http://fedin.org/ekonomika/chudo-yuzhnoj-korei.html>.
4. https://www.google.ru/?gws_rd=ssl#newwindow=1&q=%D1%8D%D0%BA.

АБДЫХАНОВ У. К. ПРИОРИТЕТЫ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ И СТРАТЕГИИ ЮЖНОЙ КОРЕИ

В статье рассматриваются вопросы экономического процветания Южной Кореи во второй половине XX и начале XXI столетия. Автор определяет, на основе каких факторов столь стремительно развивалась экономика Республики Корея, в частности, отмечается, что южно-корейское «чудо» появилось не в результате влияния так называемой невидимой руки рынка, а благодаря жёсткому государственному контролю экономики, государственному плану, национализации транспорта и банковской системы, с опорой на крупные производственные корпорации и «дружбу» с США.

Ключевые слова: экономика, развитие, темп роста, развитые государства, демократия, производство, результат, либеральный, кризис, динамика, достижение, рынок, банковская система.

ABDYHANOV U.K. PRIORITIES OF ECONOMIC POLICY STRATEGY IN SOUTH KOREA

The article deals with the economic prosperity of South Korea in the second half of the twentieth and early twenty-first century. The author reveals on the basis of what factors economy of the Republic of Korea is so rapidly developing, in particular, he marks that the South Korean «miracle» did not appear as a result of the influence of the so-called invisible hand of the market, and thanks to the rigid state control of the economy, the state plan, transport, nationalization and banking systems, reliance on large industrial corporations and «friendship» with the United States.

Keywords: economy, development, growth rate, developed countries, democracy, the production, the result of liberal crisis, the dynamics, the achievement of the market, the banking system.

УДК 331.461

ТРУДЫ Г. ЧЕСБРО: ТЕОРИЯ ОТКРЫТЫХ ИННОВАЦИЙ

ИСАТАЕВА Г.Б., ЖУПАРОВА А.С.

В XX веке преобладала концепция развития инновационной деятельности на основе традиционной вертикальной интеграционной модели, когда конкурентное преимущество компаний достигается за счет функционирования крупных научно-исследовательских лабораторий, разрабатывающих технологии, которые впоследствии использовались для создания новых продуктов. Основоположником понятия «открытые инновации» является Генри Чесбро. В статье представлен анализ работ Г. Чесбро, посвященных раскрытию сущности теории открытых инноваций.

Ключевые слова: инновация, инновационный менеджмент, открытые инновации

Первой книгой Г. Чесбро, посвященной этой тематике, является «Открытые инновации. Новый путь создания и использования технологий», вышедшая в 2003 году в Гарварде [1]. В этой книге Г. Чесбро, предполагает что способ, при помощи которого предлагаются и выводятся на рынок новые идеи, претерпевает фундаментальные изменения. Новая концепция заключается в пересмотре внутренних процессов управления НИОКР в сторону их открытости, диффузии технологий на основе взаимного сотрудничества университетов, национальных лабораторий, стартап компаний, поставщиков, потребителей, отраслевых консорциумов. Концепция открытых инноваций получила свое развитие в результате анализа передового опыта управления крупными международными компаниями, такими как Xerox, Intel, IBM, Lucent.

Генри Чесбро в своем труде на примерах таких компаний, как Xerox, Intel, IBM, Lucent, показал новые подходы к управлению инновациями. Главная идея работы автора заключается в раскрытии сущности инновационного управления инновациями.

В своей работе автор раскрывает принципы, на которых предприятия строили управление нововведениями в прошлом, в эпоху «закрытых инноваций», так Г. Чесбро называет методы управления инновациями, на основе которых компании действовали в XX веке. Это было время, когда предприятия пытались решить все сложности при управлении инновационными процессами самостоятельно.

С ростом процессов экономической интеграции, интернационализации хозяйственной деятельности, развитием глобализации и появлением новых

информационно-коммуникационных возможностей, прежде всего, интернета, прошлые устои начинают изживать себя. Старые подходы Г.Чесбро противопоставляет новым современным основам эффективной инновационной деятельности, на которых уже развиваются некоторые передовые компании. Новые подходы Г. Чесбро называет «открытыми инновациями», подразумевая при этом, что при управлении инновационными процессами организациям не следует замыкаться на внутренней среде. Сравнивая особенности инновационной деятельности, осуществляемой на принципах открытости и закрытости (таблица 1), Г.Чесбро демонстрирует контрасты старых и новых подходов к разработке и реализации инноваций.

Таблица 4 - Сравнение принципов закрытых и открытых инноваций

Среда компании	Функциональная область компании	Принципы закрытых инноваций	Принципы открытых инноваций	
Внутренняя	Управление персоналом	Талантливые люди, работающие в этой области, работают на нас	Далеко не все талантливые люди работают на нас. Мы должны взаимодействовать с талантливыми людьми, действующими как в нашей компании, так и за ее пределами	
	Управление НИОКР	Чтобы получить прибыль от НИОКР, мы должны сами совершить открытие, разработать его до уровня продукта и довести до конечного результата	Значительную ценность могут создавать внешние НИОКР; внутренние НИОКР необходимы, чтобы получить часть этой ценности	
	Управление конкурентоспособностью	Если мы сделаем открытие сами, то сможем первыми выйти с ним на рынок	Компания, которая доводит инновацию до рынка первой, выигрывает	Нам не обязательно самим проводить исследования, чтобы на основе их результата получить прибыль
		Если мы сами	Если мы сами	Создание более совершенной модели бизнеса важнее, чем выход первым на рынок
		Если мы сами	Если мы сами	Если мы наилучшим

		создадим в отрасли большую часть лучших идей, мы выиграем	образом воспользуемся внутренними и внешними идеями, мы выиграем
	Управление интеллектуальной собственностью	Мы должны хорошо контролировать нашу интеллектуальную собственность, чтобы конкуренты не воспользовались нашими идеями с прибылью для себя	Мы должны получать прибыль от использования другими нашей интеллектуальной собственности, и мы сами должны покупать интеллектуальную собственность у других компаний всякий раз, когда она соответствует нашей бизнес модели
Внешняя	Управление отношениями с внешним окружением	Инновационное взаимодействие осуществляется преимущественно по вертикали с крупными научно-исследовательскими лабораториями	Инновационное взаимодействие осуществляется с потребителями, поставщиками, конкурентами, инновационными посредниками, другими инновационно-ориентированными хозяйствующими субъектами, связанными с компанией по горизонтали

1.3 Современные средства обучения способствуют появлению не только новых возможностей для общения, но и возможностей для создания новых проблем, решений, которые получили иное место в современной культуре в сравнении с традиционными и известными средствами массовой информации. [5 с66]

Выделим основные методические функции, реализуемые средствами компьютера: - информативная - практически любая КОП (кроме контролирующей) включает в себя либо информационные кадры (базовая информация для презентации нового учебного материала), либо кадры информационной поддержки (подсказки и разъяснения в ходе выполнения упражнений). Но возможности такого справочного режима ограничены рамками учебного материала (конкретные тексты и упражнения, заложенные в КОП); - тренировочная - применение компьютера для тренировки с целью формирования прочных навыков оставалось до недавних пор основной областью внедрения вычислительной техники в учебный процесс по

иностранному языку. Отмечаются даже некоторые преимущества персонального компьютера по сравнению с преподавателем в процессе тренировки и закрепления учебного материала: неограниченное количество времени, полная беспристрастность, объективность и безграничное терпение;

- контролирующе-корректирующая - применение персонального компьютера для текущего и итогового контроля результатов учебной деятельности дает следующие преимущества: реализация дифференцированного и индивидуального подходов в условиях проведения фронтального контроля; осуществление сильной обратной связи; воплощение требования максимальной объективности контроля; сокращение временных затрат на проведение контроля; освобождение преподавателя от трудоемкой работы по обработке результатов контроля; - коммуникативная - возможно общение на зарубежных чатах; - организационно-стимулирующая - в настоящее время компьютер привлекает своей новизной и сам по себе является стимулирующим фактором [6 с.124].

ЛИТЕРАТУРА

1. The Communicative Approach to Language Teaching/Ed. By rumfit, K. Johnson. - Oxf.: Oxf. Univ. Pr., 1981. - 243p.
2. Stern H.H. Fundamental Concepts of language Teaching. - Oxf.: f. Univ. Pr., 1984. - 122p.
3. Widdowson H.G. Learning Purpose and Language Use. - xf.: Oxf. Univ. Pr., 1984. - 582p.
4. Higgins H., Johns T. Computers in Language Learning. - Lnd: Collins Educational, 1984. - 192-195p.
5. Davies Gr. Using Computers in Language Learning: a Teacher's Guide. - Lnd.: CILT, 1985. - 164.
6. Jones K., Fortescue S. Using Computers in the Language Classroom. - Lnd: Logman, 1987. - 154p.

СЫРЛЫБАЕВА Э.М. ШЕТ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕТУГЕ АРНАЛҒАН КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАР

Шет тілдерін оқытудағы заманауи үрдістер әдіснамалық парадигманың түбегейлі өзгеруімен, сондай-ақ оқытудың техникалық және технологиялық жаңаруымен байланысты, бұл жаңа құралдарды, бірінші кезекте компьютерді пайдалануда.

Мақалада шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде компьютерлік ойындардың қолданылу шарттары мен әдістері сипатталған.

Түйінді сөздер: жаңа технологиялар, компьютерлік ойындар, шет тілі, оқу үдерісі

SYRLYBAEVA Э.М. COMPUTER GAMES IN LEARNING FOREIGN LANGUAGES

This article is about development of complex of computer games for the children, and also about possibility of the use of theoretical and practical material on the lessons of English, and computer usage for training with the purpose of forming of durable skills of the computing engineering in an educational process on foreign languages.

Keywords: technology of game, classification of computer games, playing activity at initial level, situation-variant exercise.

ӘОЖ 372.8:811.512.122

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ «Ң» ДЫБЫСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС АЯСЫ

ҮСЕНБАЕВА С.С., ИСАХАНҚЫЗЫ Ұ.

Мақалада қазақ тілі сөздеріндегі «ң» әрпінің жазылу мәселесі қарастырылған. Бастауыш сыныпта диктант пен жаттығу жұмыстарын жүргізу жолдарының әдістемесімен бөліскен. Оның ішінде қазақ ертегілері арқылы сөздердің мағынасын терең түсіндіру және меңгерту жолдары айтылады. «Ң» дыбысынан жіберілген қателіктер талданып, зерттеушілердің пікірлері қамтылған.

Кілт сөздер: фонология, төл дыбыстар, фонетикалық жаттығулар.

Әр тілдің өзіне ғана тән төл дыбыстары болатынын қарапайым түрде былай түсіндірсек: бір тілдің дыбысталуы өте жағымды (қазақ, француз) болса, енді бір тілдікі, мысалы, қытай тілі шаң-шұң еткен өңкей ащы дыбыстар жүйесінен түзілген, алтай, якут тілдері дауыссыздар жүйесіне негізделгендіктен, құлаққа түрпідей тиеді. Әр дыбыстың артикуляциялық, акустикалық, генетикалық сипаттамасы болады. Мысалы, тіліміздегі кез келген дыбысты айту кезінде өкпеден шыққан ауаны ауыз қуысында еш кедергіге ұшыратпай, не мұрын жолымен айтып көріңізші. Тілдегі әр дыбыстың айтылуы құлаққа жағымды саздылыққа ие болуы да тілдің ұзақ даму жолын көрсетеді. Дыбыстардың саздылығынан тіліміздегі кез-келген сөзді бағындырып тұрған буын үндестігі мен дыбыс үндестігі келіп шығады.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиетіне қатысты мәселелерді жылдар бойы ғалымдар мен әдебиеттанушылар қауымы зерттеп, халыққа үздіксіз қызмет етуде. Дегенмен де қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстардың бір қатары терең зерттелінгенімен, зерттеуді одан әрі қажет ететін құбылыстар немесе зерттелген құбылыстардың зерттей түсетін тұстары да баршылық. Сол сияқты Қазақ тіл білімінің саласында да зерттеуді қажет ететін тұстары жеткілікті дегенге ешкім де дау айта алмас. Сол құбылыстардың бірі -ң дыбысының дұрыс айтылу, қолдану ерекшеліктері. Әрине, -ң дыбысы мүлдем қарастырылмаған не зерттелінбеген құбылыстар деп айта алмаймыз, бірақ оның толық зерттелінбегенін және әлі де болса, қанағаттандыра алмай жатқан жақтары барлығын айқындай кеткіміз келеді. Мемлекеттік ұлттық тіліміздің баршаға ортақтығы белгілі бір заңдылықтардың, нормалардың болуын талап етеді. Ол нормалардың тіл білімінің барлық салаларында болатыны анық. Тілдің дыбыстық және мағыналық табиғаты мен таңбалануы, сандық ерекшеліктерінің үйлесімді болып келуі – сауатты жазудың кепілі. Қазақ тілінің төл «ң» дыбысына назар аударайық: ң-үнді (мұрын жолды), тіл арты,

шұғыл дауыссыз. Біріншіден, «ң» дыбысы қазақ тілінде сөз басында кездеспейді, екіншіден, «ң» дыбысы жабық буында анық естіледі. «Ң» дыбысын дұрыс айтқызу үшін түрлі әдістерді қолдануға болады. Атап айтсақ, «н» дыбысын созып айту, ұқсас дыбыстармен кезекпен буын айтқызу арқылы «ң» дыбысын айтқызуға дағдыландыру. Мысалы: ан-аң, он-оң, өн-өң, ін-ің, ұн-ұң. Ұқсас буындарды кезекпен айтқызу әдісімен басқа да дыбыстарды айтуға болады. Түбірдің соңғы «н» дыбысы қ, қ, г, ғ дыбыстарының алдынан келсе, айтуда «н» дыбысы өзгеріп, «ң» дыбысына айналады. Жазуда оны елемейміз. Мысалы: бір күнгі (бір күңгі), Аманкүл (Амаңкүл), сән қой (сәңғой), Дүйсен-қали (Дүйсеңғали). Сөз ішінде немесе сөз аралығында «н» дыбысы мен «к» дыбысы қатар келсе, айтуда «н» дыбысы ң-ға, «к» дыбысы «ғ» дыбысына айналады. Мысалы: Қазан-қап (Қазаңғап), Жылан-қарағы (Жылаңқарағы), Есен-келді (Есеңгелді).

Тілдің сөз байлығын танытатын – көркем шығарма. Көркем шығарма тіл байлығын танытумен ғана шектелмейді, сондай-ақ, тілді байытатын, дамытатын негізгі арналардың бірі болып табылады. Сол себептен балаларға арналған ертегілерден біраз мысалдар келтірсек. Мәселен, «н» дыбысы сөздің бірінші буынында кездесетінін көруге болады: «Кемпір-шалға аң мен құстың етін қақтап, үйіп береді де, Төстік жолға шығады.» («Ер Төстік» ертегісінен); «Қысқасы өзің – күң, балаң – құл болады. Ойымдағыдай жақсы істемесеңдер бастарың алынады, – депті.» («Сыбызғы сыры» ертегісінен); «Бұрын, бұрын, бұрында Қаңбақ шал деген шал болыпты.» («Қаңбақ шал» ертегісінен). Бірінші және үшінші буында да кездеседі: «Таң-ер-тең Шығайбай жолға кетпек, болып, бәйбішесіне қонаққа көрсетпей маған нан беріп жібер, – дейді.» («Алдар көсе мен Шығайбай» ертегісінен) немесе «Тұруға мұршасы келмей жатқан шал ша-ңы-рақ-тың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігіне көзі түседі» («Ер Төстік» ертегісінен)[1].

Оқушыға сөзді дұрыс дыбыстап және таныс емес сөздің мағынасын ертегі мәтінімен жұмыс жасау арқылы жұмыс жүргізу өте тиімді. Мысалы: *Ер Төстік ертегісінен үзінді жаздырсақ.*

Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты. Ерназардың өзі бай болыпты. Қора толған қойлары болыпты. Өріс толған жылқылары болыпты. Ерназардың сегіз ұлы болыпты. Бір жылы үлкен жұт болып, ел малын алысқа, отарға айдап кетіпті. Ерназардың сегіз ұлы соның ішінде кетіпті. Бір қыстық азығын алып, кемпірі мен Ерназар үйінде қалыпты. Ерназардың сегіз ұлы сол кеткеннен хабарсыз кетеді, айлар өтеді – келмейді, жылдар өтеді – келмейді. Бір күні кешке жақын кемпір төсегінен тұрып, үйдің түндігін ашады. Тұруға мұршасы келмей жатқан шал шаңыраққа қараса, шаңырақтың күлдіреуішінде керулі тұрған кер биенің төстігі көзіне түседі. Шаңырақтың күлдіреуішінің суретін көрсетеміз. Киіз

үйдің құрылысы екенін түсіндіреміз. Мысалы: Шаңырақ Елтаңбада бейнеленгенін айта кетіп, Дөңгелек тоғынға бекітілген күлдіреуішті көрсету керек. Киіз үйдің сыртынан жабылған туырлықтың жоғары орналасқан түндікті де айта кету артық болмайды. Тоғын – шаңырақтың негізі. Қатты ағаштан жасалып, өрнектеледі. Немесе тоғын – шаңырақтың дөңгелек шеңбері. Күлдіреуіш – сәмбі талынан иіліп жасалады. Әр иінде 3 күлдіреуіштен 8-ге дейін болады. Күлдіреуіш – түндікті көтеріп тұратын, ағаштан иіп жасалған бөлшек. Түндік – шаңырақ үстінен жабылатын төртбұрышты киіз. Яғни Шаңырақ – үйдің бас бөлігі болатынын айту керек.

Енді осы мәтіндегі төл дыбыстар қатысқан сөздерді буынға бөліп жаздыру үшін тапсырма беріледі.

1-тапсырма

<i>н</i>	<i>ң</i>
Ер-на-зар, әрең-әрең, <u>түн-ді-гін</u> .	Ер-на-зар-дың <i>-дың жалғау</i> Ша-ңы-рақ-қа, бие-нің <i>-нің жалғау</i>
<i>ү</i>	<i>ұ</i>
Үй-дің, күл-ді-ре-уі-шін-де	Жұт, ұ-лы, ор-ны-нан тұ-ру-ға, мұр-ша-сы,

Ертегі: Қаңбақ шал

Бұрын, бұрын, бұрында Қаңбақ шал деген шал болыпты. Мал мен басқа зар болыпты. Кедейліктен шықпапты. Ол ау салып, балық аулап, тамақ асырапты. Жел соқса, шал домалап жөнеледі екен. Содан соң оған Қаңбақ шал деген ат қойылыпты. Күн сайын ауына ілінген екі балығының біреуін бір түлкі әлімжеттік қып тартып жей береді екен. Түлкінің қорлығына шыдамай, шал бір күні екінші бір жерге көшем деп, дүние мүлкін арқалап жолға шығыпты. Шаршаған соң оны бір жерге көміп кетіпті, бір жерге елдің сойған малынан жинап алған ішек-қарнын көміп кетіпті, бір жерге қарындағы айранды көміп кетіпті.

Ертегі: Сыбызғы сыры

Ерте заманда Асан деген баланың жеті жасында әкесі өліп, жетім қалыпты. Өздері өте кедей екен. Ішерге асы, киерге киімдері болмаған соң Асанның шешесі Жаңыл баласын жетелеп жүріп, ел қыдырып күнелтетін болыпты. Күндердің бір күні Жаңыл ана Асанды жетелеп, Таһир ханның сарайына келіп, жәрдем сұрап, мұңын айтыпты. Хан жаны ашып, жәрдем берудің орнына Жаңылға қарап былай депті:

– Менің аңға қосатын тазы иттеріме күтуші бол. Балаң ақсақ-тоқсақ қойларды бақсын. Ерте тұрып, кеш жатасыңдар, тамақты аз ішіп, жұмысты көп істейтін боласыңдар. Қысқасы, өзің – күң, балаң – құл болады. Ойымдағыдай жақсы істемесеңдер, бастарың алынады, – депті.

Қазақ ертегілерін бастауыш сынып оқушылары тез түсінеді. Баяндау тілі, мазмұны түсінікті болған соң, бізге «Есте сақтау» жазба жұмысын жүргізе аламыз. Ертегі алдын ала оқып келуге тапсырма ретінде беріледі. Мәтінді бір рет оқытып, -н және -ң дыбыстары кездесетін сөздерді тапқызып, есінде сақтауын ескертеміз. Оқушыға мұғалім сөйлемді кезекпен оқып жаздыруға немесе оқымай, өзі оқыған мәтіннің мазмұнын есінде сақтай отырып, әр сөйлемді ойланып құрастырып, мәтіннің мазмұнын жеткізу жолы да – ұтымды тәсілдер.

Осы жазба жұмысын аяқтап болған соң, мәтіндегі төл дыбыстары қатысқан сөздерді тауып, буынға бөліп жазу тапсырмасын орындайды. Жазба жұмысы аяқталған соң оқушылар мәтінге қарап, өздерінің қателерімен жұмыс жасауға кіріседі. Мұғалім оқушының өзіндік жұмыстарын бағаламай тұрып, бірнеше мүмкіндіктер жасайды. Мысалы: оқушы өз қатесін байқамаса, мұғалім қаламмен белгі салады. Оқушы осы белгілерге қарап отырып, қатесін өзі түзетеді. Қатемен жұмыс жасауда сол дыбысқа қатысты ұқсас сөздіктер жаздыру. Сонымен қатар мағынасын да ажыратып, түсініп отыруына мүмкіндік жасау үшін тапсырмалар беріп отырған жөн.

«Көру» жазба жұмысында «ң» дыбысы мен «н» дыбысы қатысқан сөздердің суреттерін көрсету арқылы жүргізіледі. Мысалы: аңшы, қоңырау, қоңыз, қоңыр, шаңсорғыш, шаңырақ, шеңбер, шаңғы, доңыз, дөңгелек, ағаштың діңі, жалаңаяқ, жаңбыр, жаңғақ, жәрмеңке, жеңімпаз, жеңіс, қайың, қалыңдық, әңгімелесу, әңгелек, саңырауқұлақ, теңге, таңқурай, маңдай бұл сөздердің мағынасы суретті пайдалана отырып түсіндіріледі, жазылады. Бірнеше рет «ң» дыбысын дұрыс айтылуына барынша көңіл аударылады. «Н» дыбысы мен «н» дыбысы бар сөздерді қатар суретін көрсете отырып, мағынасы түсіндіріліп, ерекшеліктері айтылады.

Тақтаға таныс болған сөздердің «н» дыбысы мен «ң» дыбысы бар сөздер қатар ілініп, жазу кезінде суреттерді ғана қалдыру арқылы қатесіз ойланып жазуға мүмкіндік беріледі. Мысалы: аңшы//әнші, қоңырау//түйнек, қоңыз//қоржын, қоңыр//тігінші, шаңсорғыш//шана, шаңырақ//аспан, шеңбер//өрнек, шаңғы//қант, доңыз//қоян, дөңгелек//көзәйнек, ағаштың діңі//егін, жалаңаяқ//сабын, жаңбыр//жауын//анар, жаңғақ//найза, жәрмеңке//журнал, жеңімпаз, жеңіс//айна, қайың//емен, қалыңдық//сақина, әңгелек//дихан, саңырауқұлақ//мұрын, таңқурай//қауын, маңдай//қарындаш, шаң//ине, таң//әуен, көлеңке//еден, зеңбірек//зертхана, теңге//тырна.

Жазба жұмысын бұдан әрі қарай «ң» дыбысы кездесетін сөздердің мағыналық топтарын қарастыру арқылы сөз таптарымен топтастыру арқылы үйретуге де болады. Сөздік, әріптік жазба жұмыстары жалғасын тауып отырса, оқушылар өз беттерімен ізденіп, қатемен жұмыстың да нәтижелі болатыны белгілі. Мысалы:

Етістік	Сын есім	Зат есім	Үстеу	Еліктеуіш
Сүңгі	Алакөлеңке	Алаң	Іңір	сыңғыр
Анды	Алаңғасар	Аңдатпа	Таңертең	Далбаң-далбаң
Аңса	Аңғал	Қоңсы		Даңғыр-дұңғыр
Қоқыраңда	Аңғарғыш	Шаң		Едірең
Ұңғы	Аңқау	Теңіз		Қикаң-қикаң
Мұңаю	Аңызак	Үзеңгі		
Түңіл	Қоңды	Үйеңкі		
Тыңда	Қоңқак	Үңгір		
Қаңғыды	Ұяң	Шың		
Қаңсыды	Шұңқыр	Ызың		
Қаңтарылды	Манғаз	Ірің		
Қикаң ету	Манқа	Ләңгі		
Таңданды	Сұңғак	Тәңір		
Паңданды	Тоңғыш	Тыңшы		
Еңкейді	Бұлыңғыр	Еңбекақы		
Жеңілді	Бұралаң	Күңкіл		
Жаңылды	Еңбексүйгіш	Қаңылтыр		
Аңтарылды	Жеңіл	Әңгіртаяқ		
Ыңырсыды	Керең	Әңгүдік		
	Күңгірт	Қойшы-колаң		
	Қамкөңіл	Қолаң шаш		
	Қоймалжың			
	Қараңғы			

«Н» дыбысы кездесетін сын есімдердің басымдығы байқалады. Зат есім мен етістіктер де біршама. Сонымен қатар сөзжасам тәсілдері арқылы бір сөз таптан екінші бір сөз табының жасалу жолдарын білу үшін сөздерді сөз құрамына талдап отыруға болады.

«Әріп» жазба жұмысын жаздырудың мақсаты – ана тілін жеткілікті білмейтіндер мен басқа ұлт балаларына қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуындағы фонемалық, орфографиялық ерекшеліктерге байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтарын және оларды жаза білуді қаншалықты дәрежеде меңгергендіктерін білу. Өйткені әріп диктанты – барлық жазу жұмыстарының іргетасы[2].

Әділін айту керек, «ң» қатардағы көп дыбыстың бірі емес, қазақ тілін әлемдік тілдерден, тіпті, туыс түркі тілдерінен де даралап, өзіндік сипатын көрсететін ерекше қасиетінің бірі – осы «ң». Қазақ баласы «іңгәлап» туады, өмірге іңкәр болады, ыңылдап әндете бастайды, дүниеге таңдана қарайды, ыңғайлы кәсіппен айналысады, сұңқар баулып, аңға салады, қалың беріп, келін алады, бір-біріне жеңіс тілеп, «оң болсын» айтады» [1].

«Н» дыбысын дұрыс айтылуы мен емлесін үйренерде бірқатар фонетикалық жаттығулар ұсынылған. Фонетикалық жаттығулар:

1-жаттығу. Төмендегі «н» дыбысы кездесетін буындар мен сөздерді дұрыс айтқанға дейін оқы. Өзіңе таныс әуенге салып айтуға болады. Аң – даң – жаң – заң – ұң – қаң – лаң – маң – оң – паң – раң – саң – таң – шаң – ең – бең – жең – зең – кең – лең – мең – пең – рең – сең – тең – шең – мың – тың.

2-жаттығу. Жоғарыда берілген сөздерді диктофонға жазып ал да, сол сөздерді жатқа жаз.

3-жаттығу. Өзіңе таныс «н» дыбысын дұрыс айта отырып, бір буынды сөздерді оқы, жазылуын есте сақта. Аң-заң-лаң-маң-оң-паң-таң-шаң-ең-жең-кең-мең-рең-сең-тең-көң-өң-мың-тың.

4-жаттығу. Өзіңе таныс «н» дыбысын дұрыс айта отырып, көп буынды сөздерді оқы, жазылуын есте сақта. Аңға – даңғаза – жаңа – жаңбыр – заңдар – ұңғы – қаңғыбас – лаңкес – маңдай – оңқай – паңданба – саңырауқұлақ – таңданба – шаңырақ – еңіреме – жеңесің – зенбірек – кеңірек – леңгір – меңіреу – реңк – сеңгір – теңбіл – шеңбер – маңай – тыңдарман – мыңдаған – шыңға – оңға – тонба – мұнайма – сыңай – кеңейт. Фонетикалық жаттығулар арқылы айтылған буындар мен дыбыстарды айыра алуын және оларды дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз етуге болады. Біз үшін фонетикалық жаттығуларды дұрыс жазу емле үшін ғана пайдалы болып қоймай, сонымен қатар әдеби тіліміздің нормасын сақтап оқуға үйрену үшін тиімді болды.

Н-дауыссыз дыбыс. Үнді дауыссыз дыбыс. Тіл арты дауыссызы. «Н» әрпі сөздің басында еш уақытта жазылмайды. «Н» – мұрын жолды дыбыс. Мысалы, *теңге, еңбекақы, маңызды, теңдік, ыңғайлы, қайырлы таң, таңертең, заң, таңба, қаңтар*. «Н» әрпі сөздің басында жазылмайды, тек сөздің ортасында және соңында келеді.

«Н» әрпі мына жағдайларда қолданылады:

1. Ілік септігінің жалғауында (-ның; -нің; -дың; -дің; -тың; -тің.). *Қызметкер+дің, Әселдің, министрліктің, қоғамның.*

2. Есімдіктер. *Менің, сенің, сіздің, оның, біздің, біздердің, сендердің, сіздердің, олардың.*

3. Жіктік жалғауының II жағында (жекеше, көпше түрде) (-сің; -сың) *сен отансүйгіш+сің, сен ақылдысың, сендер қызметкер+сің+дер, сендер мамансыңдар.*

4. Тәуелдік жалғауының II жағында (-ың, -ің, -н). *Сенің қызметкер+ің, сенің ата+ң, сендердің жұмыс орын+дар+ың, сендердің деректерің. Осы жалғаудың сыпайы түрінде (-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз). Сіздің қызметкер+іңіз, сіздің отбасы+ңыз, сіздердің мекенжай+лар+ыңыз, сіздердің өтініш+тер+іңіз.*

5. Етістіктің бұйрық райының II жағы, көпше түрі *отыр+ыңдар, өткіз+іңдер, айт+ыңдар, жібер+іңдер*. Осы жалғаудың сыпайы түрінде: *көрсет+іңіз, жаса+ңыз, көмектес+іңіз, бар+ыңыз*.

6. Сондай-ақ, «ң» дыбысы сөз ортасында немесе сөз соңында кездесетін мына сияқты сөздерді есте сақтау қажет. Мысалы: *жаңа, соңғы, аңыз, сұңқар, оң, мың, таңертең, шаң, қоңыр, қоңырау, маңай, шаңырақ, жаңалық, кеңес, теңіз, оңай, оңаша, теңге, маңызды, қаңтар, шұңқыр, таңдау, кезең, шаңырақ, алдыңғүні, алдыңғы, әңгіме, еңбек, ештеңе, жаңбыр, жаңылтпаш, жаңылу, жеңімпаз, жеңіл, шаңғы, аң, маңдай, өңдеу, сең, таңба, таңдамалы, шеңбер, терең*.

«Ң» дыбысын «н» дыбысымен шатастыруға болмайды. «Ң», «Н» дыбыстарды дұрыс қолданбаған жағдайда сөздердің мағынасы өзгереді: *шын-шың, он-оң, ен-ең, т.б.* [3]

Ибрагимова Қ. «Ң»-ды айта алмау «синдромы» етек алды... мақаласы «Ұлан» газетінде арнайы тілші, дефектолог мамандармен ой бөліскен еді. Бұл ой «ң» әрпін қолданыстан өзіміз ысырып жатырқаушылықты байқаған. Расында да, теледидарға «ң»-ды айта алмайтын тілшілер шыға беретін болды. Оны көрген кейінгі балалар да «ң»-ды біржола ұмытатыны айтпаса да түсінікті. «Мұқағали оқулары» өленді мәнерлеп жатқа айту байқауында да 3 сағатта сахнаға шығып, өлең оқыған тоғыз жастағы ұл-қыздардың басым бөлігі «ң» әрпін айтпағанын байқаған. «Қалалықтарды қойып, бұл күнде ауылдағылар да осы дертті жұқтырғандай. Не істейміз, ағайын? «Ң»-ды қайтсек айтқызамыз?» Белгілі сатирик Қанағат Әбілқайыр осы пікірді элеуметтік желіге жаза қалып еді, журналистер арасында қызу талқыланды. Жастардың «ң» әрпі бар сөздерді айтпай, қолданыстан мүлде шығара бастағаны балалар газетінің көтеруге тиіс мәселесі ретінде бізге бағытталғандай. «Жанағы, ертен, танертен» деп сөйлейтін, «ң»-ның орнына «н»-ны айтатын балалар көп бүгінде. Бір қызығы, «ң»-ды дыбыстай алмайтындардың көпшілігі мұнысын кемшілік деп мойындамайды екен. Біз балалардың «ң»-ды айтпауының себептері мен «ң»-ды айтып үйренудің жолдарын қарастырып көрген едік...» [4].

Республикалық психотерапиялық ғылыми орталықтың дефектолог-логопед маманы Жанна Жұмабайқызы балалардың «н» мен «ң»-ды айта алмауының себебін фонематикалық есту-түсінуі дұрыс қалыптаспағанынан деп түсіндіргенін келтірген [4].

Дефектолог-логопед мамандарының ойларын ескере отырып, бастауыш сынып оқушысы «н» мен «ң»-нан қате жіберу себептері сөздің мағынасын ұғынудан бұрын дыбысталуын үйренбегендігі екендігі белгілі болды. Үйде балаға сөзді толық, нақты жеткізу қажеттілігін ата-аналарға ескерту қажет. Сыныпта мұғалімнің басты міндеті жазба жұмыстарының артынша

оқушыларға қатемен жұмыстың жүргізілуі қажет. Бүгінгі таңда әр оқушының білімді қабылдау деңгейіне талдау жасалып қана қоймай, мониторинг жүргізілуі қажет. Ата-ана баласының жазба жұмысындағы нәтижесін сыныптағы оқушылардың арасында қандай деңгейде екенінен кезінде білуі тиіс.

«б жасқа дейін бала барлық әріптерді толық қамтып айтып үйренеді. Р-л, ш-с, н-ң, ж-з сынды ұқсас дыбыстарды мектеп жасына жеткен бала дұрыс айта алуы керек. Ал дұрыс дыбыстай алмаған жағдайда баланы мектеп логопедіне көрсету қажет. Дефектолог-логопедтер баламен жұмыс жасап, айта алмай жүрген әріптерін орнына қояды. «Н» мен «ң»-ды дыбыстай алмау бірнеше себепке байланысты. Біріншіден, баланың сөйлеу мүшелерінің құрылысы дұрыс қалыптаспағаннан болады. Яғни, баланың тістерінің қисық шығуы, таңдайының биік орналасуы, жағының дұрыс жұмыс жасамауы, ернінің қалың болуы, тағысын тағылар. Бұл кедергілер баланың әріптерді дұрыс дыбыстауына әсер етеді. Екінші себебі, сөйлеу мүшелерінің қимыл-қозғалысының дұрыс болмауынан. Сөйлегенде еріннің, тілдің қозғалысы қалыпты болмауы, қозғалыстың шектеулі болуы әріптерді дұрыс дыбыстауға кедергі келтіреді. Сөйлегенде тіл бір қалыптан екінші қозғалысқа тынымсыз ауысып, жұмыс істейді. Тілдің белгілі қалыпты ұстап тұруы қиындық көрсе, тілдің қалпы, қызметі баяу, нашар болса, баланың сөйлеу тілі анық болмайды. «Н» мен «ң»-ды дыбыстай алмау көбіне тілшіктің қызметіне байланысты. Тілшіктің толық көлемде қимылдамауынан дыбыс мұрын арқылы шығады. Сол кезде ысқырық, ызың (с-ц, ж-з, щ-ц-ч-ц, т.б.) дыбыстар дұрыс шықпайды. Осыған байланысты біз әріптерді дұрыс дыбыстап үйретуге бастайтын түзету жұмыстарын жүргізіледі. Ол үшін баланың бет қимылының бұлшық еттеріне, ерінге, тілге артикуляциялық массаж жасалынады. Тыныс алу және тыныс шығарудың тереңдігін ұлғайтуға арналған жаттығулар жасалуы тиіс. Сосын дауыстың қаттылығын, ұзақтығын, модельденуін дамыту жұмыстары жолға қойылуы керек. Сөйлеу белсенділігін нығайту, балаға жаңа үндерді үйрету, дыбыстарды түзету және қою жұмыстарын жаттығулар арқылы түсіндіріледі. Мысалы, «ң» мен «н»-ды дыбыстағанда тілдің қалпын балаға ұғындыру керек. «Ң» дегенде тіл ұшы жоғары қарайды, үн мұрыннан шығады. «Н» дегенде тілдің ұшы жоғарғы тістің артына тоқталады. Осыны балаға түсіндіру қажет. Сосын сөздің мағынасын түсіндіріледі. «Мың» деген сан есімді «мын» деп, «мең» деген зат есімді «мен» деп айтудан мағынасы бұзылатынын ұғындырылады. Осы жұмыстардан кейін бала «н» мен «ң»-ды, жалпы ұқсас дыбыстарды айыра алатын болады. Сөйлеуінде кедергі, ақауы бар балаларды 3-сыныпқа дейін логопед мамандарға көрсетсе, түзеліп кетеді. Ал логопедтің жұмысынан кейін де әріптері дұрыс болмаса, ол баланы сөйлеу кемістіктерін түзейтін

арнайы мектептерге берген жөн. «Н» дыбысын айта алмайтындардың көпшілігі қаланың балалары дер едім. Үйде, балалабақшада әуелі орысша тіл сындырып, сосын қазақ сыныбына барғандар қазақ тіліне тән дыбыстарды, яғни ә, ғ, қ, ң, ө, ү, ұ, һ, і дыбыстарын дұрыс айта алмай, қиналады. Әуелі орыс тілінде сөйлеп үйренген бала, орыс тілінде ондай дыбыс болмағандықтан, «ң»-ды «н»-мен шатыстырады. Осыдан «аңды – ан», «кеңірдекті – кенірдек», «көлеңкені – көленке» деп сөйлеу дағдысы қалыптасады. Сондай-ақ, қазақша үйренген өзге ұлт өкілдерінде де «ң»-ды айтып үйрену жылдамдығы төмендеу, – дейді дефектолог-логопед Жанна Жұмабайқызы.

Балалардың «ң»-ды айта алмауының тағы бір себебін психолог мамандар еліктеушіліктен деп те түсіндіреді. «Досының не жақындарының «ң»-ды айта алмайтындығы кейбір балаларға кемшілік емес, ерекшелік болып көрінеді. Сөйтіп елден ерекшелену үшін де «ң»-сыз сөйлеуді әдетке айналдырады. Ал ана тілінде дұрыс сөйлей алмайтын «қалалықтарға» еліктеу «ң»-сыз сөйлеуге бастайды екен» [4].

Ақымбек С. «Қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясы» типтік оқу бағдарламасының авторы «Ң»-ы бар 120 шақты сөзді жаттап алуды айтады.

«Фонетика тұрғысынан «ң» - тіл арты дыбысы. Әсіресе, «н» мен «г» дыбысы қатар келетін тұста (мысалы, күнге, үнге т.б.) осы дыбыстың пайда болу мүмкіндігі жоғары. «Н» мен «ң»-ды шатыстыру, әсіресе, Шу мен Талас, Ұлытау, Қаратау өңірінің азаматтарында жиі кездеседі. Мен өзім де «ң»-ды айта алмайтындардың бірі едім. Бірақ жаттығулар арқылы түзеп алдым. Кейбір «н» мен «ң»-ды айыра алмайтын балалар мектеп кезінде сол күйі үйрене алмай, университет қабырғасында да қиналып жүреді. Өзім қазақ тілінің оқытушысы болғандықтан, ондай балаларға «ң»-ды айтқызуды былайша түсіндіремін. Ең әуелі «кімнің, ненің?» деген сұрақтарға жауап беретін ілік септігі жайлы айтамын. Ілік септігін сөздерге жалғап үйретемін. Екінші жақ жіктік, тәуелдік жалғау тұлғалары құрамында да «ң» дыбысы бар екенін ұғындырамын. Мысалы, сен дәрігерсің, сенің кітабың дегендей. Сосын қазақ тілінде 120 шақты сөздің құрамында «ң» әрпі бар. Олардың ішінде көп қолданылатыны 30 шақты. «Ң»-ы бар сөздерді мықтап жаттап алатын болса, «ң»-ды айта алмау «синдромынан» құтылады»[4].

Мемлекеттік ұлттық тіліміздің баршаға ортақтығы белгілі бір заңдылықтардың, нормалардың болуын талап етеді. Ол нормалардың тіл білімінің барлық салаларында болатыны анық. Тілдің дыбыстық және мағыналық табиғаты мен таңбалануы, сандық ерекшеліктерінің үйлесімді болып келуі. Сауатты жазудың кепілі орфографиялық ережелерді мұқият сақтап отыруда. Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты мәселелерді жылдар бойы ғалымдар мен әдебиеттанушылар қауымы зерттеп, халыққа үздіксіз қызмет

етуде. Дегенмен де қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік құбылыстардың бірқатары терең зерттелінгенімен зерттеуді одан әрі қажет ететін құбылыстар немесе зерттелген құбылыстардың зерттей түсетін тұстары да баршылық.

Кез-келген дыбысты дұрыс айтқанда ғана оқушы санасына жатталып, сауатты оқытып отырып, сауатты жаздыру әрекеттері жазба жұмысы мен қатемен жұмыстың нәтижелерін көруге болады.

Бастауыш сыныпта сөздердің мағынасын ұғындыру мен дұрыс айтылуына интерактивті тақтаның көмегімен жүргізілетін бірнеше әдістер ұсынылды. Көріп отырып, есінде жақсы сақтайтын бастауыш сынып оқушыларымен жүргізілетін жұмыс барынша шығармашылық ізденістердің мол болуын талап етеді. Онсыз берілген білім оқушының ең қиын меңгерілетін тақырыпты игерту нәтижесіз болар еді. Сонымен қатар сөздерді қатесіз, дұрыс буынға бөле білуді үнемі бақылап отырсақ, дұрыс тасымалдау мен шапшаң оқу машығы оңай қалыптасуға мүмкіндік мол болар еді. Дұрыс буынға бөлу – тіліміздің әуезді өлең жолдарының буын, бунақ, дауыс екпіні сияқты мәнерлеп оқуға да бастауыш сынып оқушылары еркін төселеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Ң» дыбысының қолданысы <https://www.zharar.com/kz/science/768-gylymi.html>
2. Түсіпова Қ.Д. Қазақ тілін оқыту. (Жазба жұмыстар). Оқулық.С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті. Павлодар-2006, 119 бет
3. Жапбаров А. Оқушылардың орфографиялық икемділіктері мен дағдысын қалыптастыра оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері 9-кітап
4. Ибрагимова Қ. «Ң»-ды айта алмау «синдромы» етек алды... // «Ұлан», -№7 17.02.2015

УСЕНБАЕВА С.С., ИСАХАНКЫЗЫ У. ВОПРОСЫ ПРАВОПИСАНИЯ ЗВУКИ «Ң» В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

В статье рассматриваются вопросы написания звука «ң» в казахском языке. Автор раскрывает методы проведения диктанта и работы над упражнениями. Также рассматриваются пути глубокого разьяснения и усвоения значения слов в тексте казахских сказок. В работе проанализированы типичные ошибки при правописании звука «ң».

Ключевые слова: фонология, оригинальные звуки, фонетические упражнения.

USENBAYEVA S.S., ISAKHANKIZI, U. THE PROBLEMS OF SOUND «Ң» SPELLING IN THE PRIMARY SCHOOL.

The article is focused on the sound «Ң» spelling in the Kazakh language. The authors discuss the methods of using dictation and the work with the exercises. The word meaning of the Kazakh fairy tales is thoroughly explained and acquired. The typical mistakes in the sound «Ң» spelling have been analyzed.

Key words: phonology, original sounds, phonetic drills.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Абишева Р.Д. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Химия» кафедрасының профессор м.а., т.ғ.к.;

Ермашов Ж.К. – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің магистранты;

Баяндина Г.Д. – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті, э.ғ.к.

Абдіжаппарова Г.Т. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының магистр-аға оқытушы.

Абдуллина Д.С. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының аға оқытушы.

Байдыбекова Е.И. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының доценті, п.ғ.к.;

Байырбекова Л.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы.

Ефремова Н.Ю. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының аға оқытушы.

Ибашова А. Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.;

Алиева К.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы.

Қадірбаева Р.І. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Физика – математика» кафедрасының кафедра меңгерушісі, п.ғ.д.

Полатова С.Д. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының магистр-аға оқытушы.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Баймаханова Г.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к.;

Қозыкеева Р.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, «Химия» кафедрасының доценті, т.ғ.к.;

Саурықбай Г.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

Битемирова А.Е. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, «Химия» кафедрасының доценті, х.ғ.к.;

Битемір Н.М. – Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінің магистранты;

Илесова М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

Мамытова А.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, «Биология» кафедрасының аға оқытушысы;

Сейтбекова Г.К. – Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназия мұғалімі, Сайрам мөлтек ауданы Шымкент қаласы.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Абдыханов У.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақ және әлем әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.

Исатаева Г.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «География» кафедрасының кафедра меңгерушісі, э.ғ.к.;

Жұпарова А.С. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің философия докторы (PhD).

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Абдыханов У.К. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақ және әлем әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.;

Латышев О.Ю. – Ресей ғылымдарының құрметті профессоры (ScD h.c.), философия докторы (PhD), М.Д. Шаповаленко атындағы Мариин галереясының директоры.

Рэй Сегундо Гуерреро-Проенца – философия докторы (PhD), Гаван университетінің профессоры және аға зерттеушісі, Куба, Гавана, СЕПЕС.

Абдуллина Ж.А. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының аға оқытушысы

Алиева Г.А. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының аға оқытушысы

Усербаева М.А. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының аға оқытушы.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

Тәңірбергенов М.Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, п.ғ.д.

Балкенов Ж.Ш. – академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессор, п.ғ.к.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

Каприелова А.С. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының магистр-аға оқытушы.

Маханова Ж.К. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының аға оқытушы.

Фатьянова Н. И. – Ресей Федерациясы Оңтүстік университетінің магистранты;

Латышев О.Ю. – Ресей ғылымдарының құрметті профессоры (ScD h.c.), философия докторы (PhD), М. Д. Шаповаленко атындағы Мариин галереясының директоры.

Шамшиева Ұ.Е. – Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты.

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Ақынова Л.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушы, б.ғ.к.;

Ахатаева Ұ.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Бастауышта оқыту әдістемесі» кафедрасының магистр-оқытушы;

Білал Ә. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының студенті.

Пушко Н.А. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының оқытушы.

Сапабекова Н.Б. – Мирас университетінің «Тілдік пәндер» кафедрасының оқытушы.

Сырлыбаева Э. М. – «Мирас» университеті тілдік пәндер кафедрасының аға оқытушы.

Үсенбаева С.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының «ОҚМПИ хабаршысы – Вестник ЮКГПИ» журналының жауапты хатшысы ф.ғ.к.

Исаханқызы Ұ – М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №8 гимназия директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Шымкент қ.

НАШИ АВТОРЫ

ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

Абишева Р.Д. – и.о.профессора кафедры «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.т.н.

Ермашов Ж.К. – магистрант Павлодарского государственного университета им.С.Торайгырова.

Баяндина Г.Д. – доцент Павлодарского государственного университета им.С.Торайгырова, к.э.н.

Абдижаппарова Г.Т. – магистр, старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Абдуллина Д.С. – старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Байдыбекова Е.И. – доцент кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н.

Байырбекова Л.М. – старший преподаватель кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Ефремова Н.Ю. – старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Ибашова А.Б. – старший преподаватель кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.п.н.

Алиева К.С. – старший преподаватель кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Кадырбаева Р.И. – заведующая кафедрой «Физика и математика» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.п.н.

Полатова С.Д. – магистр, старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

ЕСТЕСТВОНАУЧНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ И МАТЕМАТИКА

Баймаханова Г.М. – доцент кафедры «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.х.н.

Козыкеева Р.А. – доцент кафедры «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.т.н.

Саурыкбай Г.М. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Битемирова А.Е. – доцент кафедры «Химия» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.х.н.

Битемир Н.М. – магистрант Регионального социально-инновационного университета.

Илесова М. – студентка Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Мамытова А.Ы. – старший преподаватель кафедры «Биология» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Сейтбекова Г.К. – учитель школы-гимназии №65 им. Ы.Алтынсарина, г.Шымкент.

ИСТОРИЯ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ. ПРАВО И ЭКОНОМИКА

Абдыханов У.К. – доцент кафедры «Казахская и мировая литература» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.

Исатаева Г.Б. – заведующая кафедрой «География» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.э.н.

Жупарова А.С. – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, PhD доктор философских наук.

ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Абдыханов У.К. – доцент кафедры «Казахская и мировая литература» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.

Латышев О.Ю. – профессор, директор Мариинской школы им. М.Д. Шаповаленко (Россия), к.ф.н.

Рэй Сегундо Гуерреро-Проенца – доктор философии (PhD), профессор и старший исследователь Гаванского университета, Куба, Гавана, СЕПЕС.

Абдуллина Ж.А. – старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Алиева Г.А. – старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Усербаева М.А. – старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО. КУЛЬТУРА И СПОРТ

Танирбергенев М.Ж. – профессор кафедры «Профессиональное обучение и изобразительное искусство» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, д.п.н.

Балкенов Ж.Ш. – профессор Карагандинский государственный университет им. академика Е.А. Букетова, к.п.н.

ПОИСКИ МОЛОДЫХ УЧЁНЫХ

Каприелова А.С. – магистр, старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Маханова Ж.К. – магистр, старший преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Фатьянова Н.И. – магистрант ЧОУ ВО «Южный университет (ИУБиП)» г.Ростов-на-Дону, Россия

Латышев О.Ю. – профессор, директор Мариинской школы им. М.Д.Шаповаленко, к.ф.н.

Шамшиева.У.Е. – магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Х.А.Ясави.

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДНИХ ШКОЛАХ

Акынова Л.А. – старший преподаватель кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.б.н.

Ахатаева Ұ.Б. – магистр, преподаватель кафедры «Методика начального обучения» Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Білал Ә. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического института.

Пушко Н.А. – преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Сапабекова Н.Б. – преподаватель кафедры «Языковых дисциплин» университета Мирас.

Сырлыбаева Э.М. – преподаватель кафедры языковых дисциплин Университета «Мирас».

Усенбаева С.С. – ответственный секретарь журнала «ОҚМПИ хабаршысы – Вестник ЮКГПИ» Южно-Казахстанского государственного педагогического института, к.ф.н.

Исаханкызы У. – заместитель директора специализированной гимназии №8 с обучением на трех языках им.М.Х.Дулати, г.Шымкент.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

<i>Абишева Р.Д., Ермашов Ж.К., Баяндина Г.Д.</i> Стратегическое планирование в системе высшего образования и его модели.....	5
<i>Abdizhapparova G.T.</i> Importance and peculiarity of english in modern society.....	11
<i>Абдуллина Д.С.</i> Инновации в образовании: проблемы внедрения.....	15
<i>Байдыбекова Е.И., Байырбекова Л.М.</i> Маман құзыреттілігі мен модульді білім берудің байланысы.....	24
<i>Yefremova N.Y.</i> Benefits of using video in teaching English.....	32
<i>Ибашова А.Б., Алиева К.С.</i> Обучение студентов специальности педагогики и методики начального обучения решению математических задач различными способами.....	37
<i>Қадірбаева Р.І.</i> Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудағы инновациялық бағыттар.....	43
<i>Полатова С.Д.</i> Коммуникативный подход в обучении иностранным языкам.....	53

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

<i>Баймаханова Г.М., Қозыкеева Р.А., Саурықбай Г.М.</i> Сабын және синтетикалық жуғыш заттар тақырыбында халықтық педагогика құралдарын қолданудың тиімділігі.....	59
<i>Битемирова А.Е., Битемір Н.М., Илесова М.</i> Химияны оқытуда кіріктірілген технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	64
<i>Мамытова А.Ы., Сейтбекова Г.К.</i> Бейімделу кезеңіндегі оқушылардың физиологиясы.....	69

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

<i>Абдыханов У. К.</i> Оңтүстік корейның экономикалық саясат пен стратегия басымдылықтары.....	75
<i>Исатаева Г.Б., Жупарова А.С.</i> Труды Г. Чесбро: теория открытых инноваций	83

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Абдыханов У.К., Латышев О.Ю., Рэй С.Г.</i> Михаил Лермонтовтың прозасы мен поэзиясын әдебиеттану зерттеуіндегі әдістері.....	92
<i>Абдыханов У.К., Латышев О.Ю., Рэй С.Г.</i> Методы литературоведческого исследования прозы и поэзии Михаила Лермонтова.....	97
<i>Abdyhanov U.K., Latishev O. YU., Rey S.G.</i> Métodos literarios en la	

investigación de la obra de M. Lérmontov.....	102
<i>Абдуллина Ж.А.</i> Средства выражения культурологической информации в тексте (на примере исторических реалий из романа А. Dumas «Les trois mousquetaires»).....	107
<i>Алиева Г.А.</i> Работа над научным текстом.....	113
<i>Усербаева М.А.</i> Қазақ ертегілерінің зерттелуі.....	117
КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ	
<i>Тәңірбергенов М.Ж., Балкенов Ж.Ш.</i> Халық мұрасындағы қолөнер шығармаларының өзіндік ерекшеліктері.....	123
ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ	
<i>Kaprielova A.S.</i> Types of reading in teaching English.....	129
<i>Маханова Ж.К.</i> Актуальные проблемы обучения иностранному языку в условиях полиязычия.....	135
<i>Фатьянова Н.И., Латышев О.Ю.</i> Формирование и ведение регионального банка данных о детях, оставшихся без попечения родителей, в Ростовской области.....	141
<i>Shamsiyeva U.E.</i> English language in India: the history and actual problems....	147
ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ	
<i>Ақынова Л.А., Ахатаева Ұ.Б. Біләл Ә.</i> Дүниетану сабақтарында пәнаралық байланысты үйлестіре білудің тиімділігі.....	153
<i>Pushko N.A.</i> Teaching English through storytelling for young learners.....	159
<i>Sarabekova N.B.</i> Using the interactive whiteboard in teaching english language to develop pupils' skills.....	168
<i>Сырлыбаева Э.М.</i> Компьютерные игры в обучении иностранным языкам.....	176
<i>Үсенбаева С.С., Исаханқызы Ұ.</i> Бастауыш мектепте «н» дыбысының қолданыс аясы.....	181
БІЗДІҢ АВТОРЛАР	191
НАШИ АВТОРЫ	195

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ИНСТИТУТА

№3,4 (09,10)

Басуға 29.12.2016 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 12,43 шартты баспа табақ. Таралымы 300 дана. Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шағын баспаханасында
басылды.

Тапсырыс №160. Шымкент қаласы, Ғ.Іляев көшесі, 16